

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ
ЖАНЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ

МОЛДАБАЕВА ЖАНАР ЖАНГАБЫЛОННА

**Жазаны өтеуін кейінге қалдырудың қылмыстық-құқықтық және
пенитенциарлық аспектілері**

7М12301 - «Құқық қорғау қызметі» (бейінді бағыт) білім беру бағдарламасы
бойынша
Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс магистрі дәрежесін алуға арналған
магистрлік жоба

Ғылыми жетекші:
Қазақстан Республикасы Бас
прокуратурасының жанындағы Құқық
қорғау органдары академиясының Арнайы
заң пәндері кафедрасының доценті, заң
ғылымдарының кандидаты, кіші әділет
кеңесшісі
А.М. Алибекова

Қосшы қ., 2022 жыл

ТҮЙІНДЕМЕ

Магистрлік диссертация кіріспеден, екі негізгі бөлімнен және оларға кіретін төрт кіші бөлімдерден, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер тізімінен тұрады.

Диссертациялық жобада жазаны өтеуді кейінге қалдыру институттың құқықтық табиғатын ашудан бастап заңнамадағы проблемаларды анықтау үшін талдау жұмыстары жүргізілді, статистикалық ақпараттарға зерттеу жасалды.

Диссертациялық жобаның нәтижесі бойынша туындаған проблемаларды шешу үшін заңнаманы жетілдіру мақсатында және жұмысты оңтайландыру үшін бірнеше ұсынымдар әзірледі.

РЕЗЮМЕ

Магистерская диссертация состоит из введения, двух основных разделов и четырех входящих в них подразделов, заключения, списка использованных источников.

От раскрытия правовой природы института отсрочки отбывания наказания в диссертационном проекте для выявления проблем в законодательстве проведена аналитическая работа, проведено исследование статической информации.

По результатам диссертационного проекта разработано несколько рекомендаций в целях совершенствования законодательства и оптимизации работы для решения возникающих проблем.

SUMMARY

The master's thesis consists of an introduction, two main sections and four subsections included in them, a conclusion, and a list of sources used.

From the disclosure of the legal nature of the institution of postponement of serving a sentence in the dissertation project, analytical work was carried out to identify problems in legislation, a study of static information was conducted.

Based on the results of the dissertation project, several recommendations have been developed in order to improve legislation and optimize work to solve emerging problems.

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

КІРІСПЕ.....5

1 ЖАЗАНЫ ӨТЕУДІ КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАБИҒАТЫ

1.1 Жазаны өтеуді кейінге қалдыру институтының дамуы.....10

1.2 Шет елдердің қылмыстық заңнамасы бойынша жазаны өтеуді кейінге қалдыру туралы нормалар.....21

2 ЖАЗАНЫ ӨТЕУДІ КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРУДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ЗАҢДЫ НЕГІЗДЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ

2.1 Жазаны өтеуді кейінге қалдыруды қолданудың құқықтық негіздері мен тәртібі.....39

2.2. Жазаны өтеуді кейінге қалдыруды қолданудың пенитенциарлық аспектілері.....51

ҚОРЫТЫНДЫ.....60

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ.....64

Белгілер және қысқартулар

ҚР – Қазақстан Республикасы

ҚК – қылмыстық кодекс

ҚАК – қылмыстық атқару кодексі

ҚПК – қылмыстық процесік кодекс

ПҚ – пробація қызметі

ПО – ішкі істер органы

ҚАЖК – қылмыстық-атқару жүйесі комитеті

БҰҰ – біріккен ұлттар ұйымы

ТМД – тәуелсіз мемлекеттер достастығы

КСРО – кеңес социалистік республикалар одағы

РКФСР – ресей кеңестік федерациялық социалистік республикасы

ҚАИ – қылмыстық-атқару инспекциясы

ББА – бас бостандығынан айыру

ГФР – Германия Федеративтік Республикасы

АҚШ – америка құрама штаты

ҚІЖК – қылмыстық іс жүргізу кодексі

т.б. – тағы басқа

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі. Қазақстан Республикасы өзін тәуелсіз, құқықтық мемлекет болып жариялағанына азды-көпті уақыт болды. Қазіргі таңда мемлекетіміз адам құқықтарын қорғау саласында Халықаралық Конвенцияларға қосылып, қылмыстық және қылмыстық атқару заңнамасын ізгілендіруі еліміздің құқықтық саясатының басым бағыттарының бірі болып отыр.

Қазақстан Республикасында егемендіктің қалыптасу жылдарында құқық саласында терең және түбегейлі өзгерістер болды. Қазіргі уақытта реформалау кезеңінде Қазақстан Республикасының заңнамасы, атап айтқанда, қылмыстық қылмысқа қарсы күрес мәселелеріне көңіл бөлінеді.

Сонымен қатар, 2030 жылға дейінгі Қылмыстық-құқықтық саясат тұжырымдамасында сотталғандардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейту мақсатында қылмыстық-атқару заңнамасын, оның ішінде оны жалпыға бірдей танылған халықаралық стандарттарға жақындату жолымен одан әрі жетілдіруге тоқталып өткен[1].

Дербес қылмыстық-құқықтық институт бола отырып, үнемді жазалау құралы бола отырып, жазаны өтеуді кейінге қалдыру бірінші кезекте тек қылмыстық жауапкершілік пен жазаны жеңілдету ғана емес, өзінің негізгі мақсаты — сотталған адамды жазаны нақты өтемей, оған уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан қатаң бақылау жағдайында түзеу.

Жазаны өтеуді кейінге қалдыруды Қазақстан Республикасында түрмеге қамаудың нақты баламаларының қатарында атау әділетті. Жазаны нақты орындаусыз өтеу мәселелері көптеген жылдар бойы іс жүзінде бүкіл әлемде өткір мәселелердің бірі болып келді және болып қала береді.

Бас бостандығынан айыру сияқты жиі қолданылатын жаза түрі әрқашан қылмыстық жазаның негізгі мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етпейді, дегенмен сот практикасының деректері көрсеткендей, жазаның осы түріне

қатысты Қазақстан Республикасы, көбінесе соттар жазаны өтеуді кейінге қалдыруды қолданады.

Ауыр қылмыс жасамаған көптеген құқық бұзушыларды бас бостандығынан айыру тиісті қылмыстық саясат та, мемлекет үшін лайықты таңдау да емес. Мұның салдары-әлеуметтік байланыстардың бұзылуы, халықтың денсаулығы мен қоғамның моральдық климатының нашарлауы. Бұл мәселенің экономикалық аспектісі де маңызды. "Түрме-жаман адамды одан да жаман ету үшін қымбат рахат". Көптеген елдер бас бостандығынан айыруды жазалау шарасы ретінде қабылдады, нәтижесінде адам мен қоғам үшін тиімсіз. Сонымен қатар, сотталғандарға қылмыстық-құқықтық ықпал ету құралдарының бірі бола отырып, жазаны өтеуді кейінге қалдыру көбінесе сотталғандарды қоғамнан оқшаулауға байланысты жазаларға нақты балама болып табылады.

1992 жылы Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтың негізгі принциптеріне өзінің адалдығын растай отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымына толық құқықты мүшесі болды. Осының салдарынан жазаны өтеуді кейінге қалдыруды қолдану мәселелерін қарай отырып, жазаны өтеуді кейінге қалдыруды қолдану мәселелеріне қатысты халықаралық-құқықтық актілердің кейбір ережелерін назарға алған жөн.

Жазаны өтеуді кейінге қалдыру бірінші кезекте тек қылмыстық жауапкершілік пен жазаны жеңілдету ғана емес, өзінің негізгі мақсаты — сотталған адамды жазаны нақты өтемей, оған уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан қатаң бақылау жағдайында түзеу.

Осылайша, қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаудың алдын алу жөніндегі тиімді құралдарды қалыптастыру жағдайында отандық қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын жетілдіру қажеттігі туындап отыр. Қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасын талдау жазаны өтеуді кейінге қалдыру институтын реттейтін қолданыстағы нормалардың белгілі бір құқықтық техникалық қайшылықтары бар деген қорытындыға әкеледі. Осы қызметті жүзеге асыру барысында кездесетін көптеген проблемалар бар. Зерттеу

тақырыбының өзектілігі – проблемаларды атап көрсету және оны шешу жолдарын ұсыну болып табылады.

Шешілетін ғылыми проблеманың немесе практикалық міндеттің қазіргі жағдайын бағалау. Қазақстан Республикасында қазіргі уақытта қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрімен 2019 жылы- 66 774, 2020 жылы- 66343, 2021 жылы-67295 сотталған өткен, оның ішінде жазаны өтеуді кейінге қалдыру бойынша 2019 жылы- 927, 2020 жылы- 907, 2021 жылы-918 сотталған. Бұл көрсеткіштерден байқағанымыз қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жаза түрімен сотталғандар саны жыл сайын көбейгенін көруге болады. Жазаны өтеуді кейінге қалдыру институты қазіргі таңда қарқынды дамып келеді. Алайда проблемаларда жоқ емес. Оған осы диссертациялық жобада қозғалған проблемалар қарастырылатыны дәлел.

Зерттеу мақсаты, міндеттері, объектісі мен тақырыбы.

Зерттеудің мақсаты: Заңнаманы және жазаны өтеуді кейінге қалдыру институтын қолдану практикасын жетілдіруге бағытталған ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеудің міндеттері: қылмыстық заңды қолдану теориясы мен практикасын ескере отырып, жазаны өтеуді кейінге қалдыру туралы құқықтық нормаларды талдау;

- заңнамалық реттеу проблемаларын және жазаны өтеуді кейінге қалдыруды іске асыру тетіктерін анықтау;

- жазаны өтеуді кейінге қалдыру институтын регламенттейтін қылмыстық және қылмыстық-атқару заңнамасының нормаларын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу тақырыбы. Осы зерттеу жазаны өтеуді кейінге қалдыру институтын қолдану кезде туындайтын қоғамдық қатынастар болып табылады. Қылмыстық-құқықтық зерттеу процесінде жазаны өтеуді кейінге қалдыру дербес қылмыстық-құқықтық институт ретінде қаралады.

Зерттеуді жүргізудің әдістері мен әдіснамалық негіздері. Жалпы ғылыми және салыстырмалы-құқықтық, тарихи, жүйелі, статистикалық,

құжаттарды талдау және жеке ғылыми әдістері әдістемелік негіз болды. Отандық К.Ж. Балтабаев, У.С. Джекебаев, Н.О. Дулатбеков, Б.Ж. Жунусов, О.Б.Филипец және т.б. ғалымдар өздерінің еңбектерін кейінге қалдыру мәселелеріне арнаған. Магистрлік жобада нормативтік-құқықтық материал, сот тәжірибесінің материалы, сондай-ақ жазаны өтеуді кейінге қалдырылған сотталған тұлғаларға қылмыстық-құқықтық сипаттағы шараларға арналған зерттеу жұмыстары қарастырылды және оған талдау жасалды.

Ғылыми жаналықтың негіздемесі. Диссертациялық жобада жазаны өтеуді кейінге қалдыру институтының құқықтық табиғатын зерттеу негізінде қылмыстық және қылмыстық- атқару кодекстерінде жазаны өтеуді кейінге қалдыру нормаларын қолдану негіздеріне қатысты қылмыстық заңнамасына өзгерістер мен толықтыруларды ұсыну жұмысы болып табылады.

Практикалық ұсынымдар. ҚР ҚК-нің 74 бабының 1 бөлігінің бірінші сөйлеміне мынадай толықтыру енгізуді ұсынамыз:

«Сотталған жүкті әйелдерге қоғамдық жұмыстар және түзеу жұмыстары жазасы тағайындалатын болса, сот оларға қатысты міндетті түрде бір жылға дейін жазаны өтеуді кейінге қалдыруды қолдануы тиіс, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалатын болса, сот бір жылға дейін жазаны өтеуді кейінге қалдыруы мүмкін»

Соттарға жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдердің, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектердің жазаны өтеуін кейінге қалдыру (ҚК-нің 74 бап) және ауыр мән-жайлардың тоғысуы салдарынан жазадан босату және жазаны өтеуді кейінге қалдыруды (ҚК-нің 76 бап) қолдану жөнінде әдістемелік ұсынымын әзірледік.

ҚР ҚАК-нің 163 бабына «9-1» бөлігімен толықтырып, онда сотталғандарға нақты міндеттер жүктеген жөн деп санаймыз.

Жазаны өтеуді кейінге қалдыруды қолданған сотталған міндетті:

1) өзі есебінде тұрған ішкі істер органына айына кемінде бір рет өзінің мінез-құлқы туралы есеп беру үшін келіп тұруға;

2) ішкі істер органдары айқындаған уақытта тұрғылықты жерін тастап кетпеуге;

3) ішкі істер органдарының жазбаша рұқсатынсыз басқа жерлерге шықпауға;

4) негізгі жазаны толық өтегенге дейін Қазақстан Республикасының аумағынан кетпеу міндеті.

ҚР ҚАК-нің 163 бабының 2 бөлігінде мынадай толықтыру енгізуді ұсынамыз:

«Жеке адамға қарсы ауыр немесе аса ауыр қылмыстар, террористік қылмыстар, экстремистік қылмыстар, қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыстар, жас балаларға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар үшін»

Апробация және нәтижелерін енгізу. Магистрлік диссертацияның зерттеу автормен жарыққа шыққан төмендегі мақала көрініс тапқан: «Академик» халықаралық журналындағы «Қылмыстық-құқықтық ықпал ету шарасы ретінде жазаны өтеуді кейінге қалдыру» тақырыбындағы мақала. (Қарағанды қаласы 2022 жыл наурыз).

1 ЖАЗАНЫ ӨТЕУДІ КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРУ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАБИҒАТЫ

1.1 Жазаны өтеуді кейінге қалдыру институтының дамуы

Біздің мемлекетіміздің қылмыстық заңы жаза тағайындау кезінде қылмыскерлерді жазалау ғана емес, ең алдымен оларды түзетуді басты мақсат етіп қояды. Көптеген мемлекеттердің қылмыстық құқығында қоғамнан оқшауламай және нақты жазаны орындамай адамдарды түзу жолға түсіру шаралары тиімді жүзеге асырылады. Қылмыстылықпен күресудің осы құралдарының арсеналында жазаны өтеуді кейінге қалдыру институты үлкен орынға ие болып отыр.

Жазаны өтеуді кейінге қалдыру өзінің даму кезеңінде қылмыстық жауапкершілікті жүзеге асырудың әртүрлі құралдары жүйесінде көзге түсетіндей орыны бар [2].

Егер де шет елдердің қылмыстық құқықтық ғылымына сонымен қатар отандық және шет елдік кейінге қалдыру институтының тарихына көз жүгіртсек, онда осы қылмыстық құқықтық институт бірнеше жылдар бойы айтарлықтай ауқымды қолданылғанын және бүгінгі таңда да жүзеге асырылып отырғанына көз жеткізуге болады. Мысалға, АҚШ және Англия сияқты шет елдік мемлекеттердің қылмыстық-құқықтық ғылымы көптеген жылдар бойы пробация институтын қарастыруда, ол өзінің заңды табиғаты бойынша жазаны өтеуді кейінге қалдыру институтымен белгілі бір ұқсастықтары бар.

Егер Хандық дәуіріндегі қазақ құқығының тарихына көз жүгіртетін болсақ (XV-XIX ғасыр), бұл тарихи кезеңде біз қылмыс жасаған әйелдерге гуманизм принципінің қолданылғанын байқауымызға болады.

Көрсетілген кезеңде тек бір заң шығарушы құжат белгілі болды, ол «Жеті жарғы» шамамен XVII ғасырдың 70 жылдары құрылған. Деректерге сүйенетін болсақ, оны жасаушы Тәуке хан деп саналады, сол себептен кейде бұл құжат Тәуке ханның «кодексі» немесе Тәуке ханның «зандары» деп аталады [3].

Берілген тарихи дәуірде әйелдер іс жүзінде құқықсыз болған, бұл жағдайда, соған қарамастан, «Тәуке хан сарайында» әйелдерге қатысты ерекше мәселелер жауапкершілік шарттары қарастырылған. Мұндай ерекшеліктер тек қана жүкті әйелдер үшін қолданылған. Жүкті әйелдер тіпті ең ауыр қылмыс – күйеуін өлтірсе де жазаланбайтын болған.

Өз еңбектерінде белгілі зерттеуші А. Левшин жүкті әйелдерге қатысты «Тәуке ханның кодексі» мынадай: «Егер әйелі күйеуін өлтірсе, онда ол міндетті түрде өлім жазасына кесіледі ол құн төлеседі егерде туыстары кешірмесе, оны ешкім құтқара алмайды. Бірі бұл ережелер күйеулерін өлтіргені үшін қолданылмайды жүкті әйелдерден жазадан босатылады, бірақ мәңгі жеккөрінішті болып, абыройсыз болады» деген [4].

Яғни, әйелдерге қатысты қылмыстық істерді қарау кезінде, жүктілік кезінде қылмыс жасаған әйелдерге қатысты ерекше гуманизм шаралары болған, яғни әйелдер іс жүзінде өлім жазасынан босатылды. Осы мәліметтерге сай сол кезде гуманизм қағидатының болуын растайды.

Басқа да тарихи деректерден келіп шығатыны, қазақтардың әдеттегі құқығында гуманизм шаралары тек қылмыс жасаған жүкті әйелдерге ғана емес, сонымен қатар ауыр аурумен ауратын адамдарға қатысты. Д*Андре – 1846 жылы қазақтардың әдет құқығын зерттеушілерінің бірі, Ордадағы қырғыз әдет-ғұрыптарын сипаттауда жазған заң күші бар, «жалпы қырғыз-қайсақтар арасындағы сот ісін жүргізу туралы» (§ 17 «жалпы қылмыстар мен жазалау шаралары туралы»), бұл «жазадан... жүкті әйелдер босатылады (жаза олардың рұқсатымен, сондай-ақ ауыр науқастар үшін кейінге қалдырылады)» [5, с. 169-170].

Осылайша, қазақтардың әдеттегі құқығында жүкті әйелдерге (баланың туылуына дейін) және ауыр науқастарға (олардың жазылып кетуіне дейін) жазаны кейінге қалдыру шараларды қолдану туралы ережелер болған деп болжаймыз.

Ресей мемлекеті англо-американдық құқық жүйесі тараған мемлекеттерден жазаны өтеуді кейінге қалдыруды тәжірибесін алған.

Үкімді орындауды кейінге қалдыру туралы кеңестік қылмыстық заңда бірінші рет 1919 жылғы 10 шілдедегі «Полк соттары туралы» ережеде кездеседі [6]. Осы құжатқа сәйкес (ереженің 144 бабы), төмендегі жағдайларда үкімнің орындалуын кейінге қалдыруға болатын:

- сотталушының жазасын өтеуге кедергі келтіретін аурумен ауырғанда (әдетте ауруынан сауыққанға дейін берілетін);
- ерекше мән-жайлар немесе сотталған адамның жағдайының ерекше жағдайлары болған кезде (төтенше жағдай, отбасылық, қызметтік, экономикалық және өзге де мән-жайлар).

Бұл бапта біраз кемшіліктер болғанын айта кеткен жөн, ал нақтырақ тоқталар болсақ:

- ол қандайда бір жолмен соттың адамға жазаны кейінге қалдыруды беруде басшылыққа алатын нақты критерийлерін анықтаған жоқ;
- ол жазаны кейінге қалдыруды беруге болатын ерекше дәлелді себептер ретінде нені қарастыру керектігін нақты көрсетпеген;
- онда ерекше дәлелді себептерді жою үшін жазаны кейінге қалдыру берілген мерзім белгіленбеген.

Бірақ мұндай олқылықтарға қарамастан, берілген норманың пайда болуының өзі сол кездегі қылмыстық заңнамада гуманизм принципінің бар екендігінің дәлелі болды (қылмыс жасаған адамға деген елдің қамқорлығы).

1922 жылы қылмыс жасаған әйелдерге қарсы негізсіз қуғын-сүргінді азайту үрдісі байқалды. Гуманизм принципін басшылыққа ала отырып, соттаудың әлеуметтік-психологиялық салдарын ескере отырып, әйел жасаған қылмыстың сипатына қарай, заңшығарушы әйелдерге қатысты бас бостандығынан айыру сияқты шараны қолдануды біршама азайтуға болады деп санады. Дәл осы факторлар қылмыстық заңнамада сотталушының туғаннан кейін бір жыл өтпей жатып жүкті болуына байланысты кейінге қалдырудың

жаңа түрінің пайда болуына себеп болды, яғни сотталғанның жүкті болуы іс жүзінде жазасын өтеуге кедергі болды. Бұл жаңалық мемлекеттің әйел ананың тағдырына қамқорлығы арқылы жүзеге асырылған гуманизм қағидасының әрекетін бекітті, сонымен қатар, Кеңес мемлекетінің ана мен бала денсаулығына барынша қолайлы жағдай жасауға тырысқанын растады [7; 8].

1942 жылы қылмыстық заңда кейінге қалдырудың жаңа түрі – сотталған әскери қызметшілердің немесе соғыс уақытында әскери міндетті адамдардың жазаны орындауды кейінге қалдыруы пайда болды. Үкімді орындауды кейінге қалдырудың бұл түрін қолдану кезінде адам соғыс қимылдары аяқталғанға дейін жазаны өтеуден босатылды. Кейінірек, бұл ереже 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезіндегі көлік жұмысшыларына өз әсерін таратты [9]. Бұл жаңашылдыққа жүргізіліп жатқан қылмыстық саясат және сол кездегі мемлекеттік қажеттілік себеп болды.

Осылайша, кейінге қалдыру туралы заңнама, ең алдымен, мемлекет өзінің дамуының сол немесе басқа кезеңінде алдына қойған мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес қылмыстық-құқықтық қатынастарды реттеудің объективті қажеттілігіне негізделген деп қорытынды жасауға болады. Сондықтан да сол кездегі КСРО қылмыстық заңнамасында кейінге қалдырудың кейбір түрлерінің пайда болуының жиі себептерінің бірі мемлекеттің өзінің белгілі бір қажеттіліктері, атап айтқанда, сотталған шаруаларға жазаны өтеуді кейінге қалдыруды қамтамасыз ету болды, еңбекші шаруаларға ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруде көмек көрсету мақсатында, ал азамат соғысынан кейін – отанды қорғау және Ұлы Отан соғысы жылдарында көліктің үздіксіз жұмыс істеу қажеттілігі.

Т.Ф.Минязева атап өткендей: «азамат соғысында қираған ауыл шаруашылығын қалпына келтіру, көліктің, соғыс жылдарында әскери жағдайдағы кәсіпорындардың қалыпты жұмысын қамтамасыз ету, олардың әлеуметтік мазмұны бойынша отан қорғаушылар қатарын толықтыру тарихи таптық міндеттер болып табылады» деген [10].

1923-1927, 1941-1945 жылдардағы жазаны өтеуді кейінге қалдыру туралы нормаларды қолдану тәжірибесі кейінге қалдырудың бұл түрлерінің қылмыстық жауаптылықты даралау нысандары ретінде кеңестік қылмыстық заңнамада болуының тиімділігі мен мақсатқа сай екендігін дәлелдеді.

Заңшығарушы одақтық республикалардың қылмыстық заңнамасына кейінге қалдыру туралы нормаларды енгізу арқылы дұрыс жолға түсті. Сонымен, 1959 жылғы 22 шілдеде қабылданған Қазақ КСР Қылмыстық кодексінде әскери қызметшіге немесе соғыс уақытында әскери қызмет өткеруге жататын адамға үкімнің орындалуын кейінге қалдыру туралы норма бар болатын [11].

Үкімнің орындалуын кейінге қалдыруды қолдану үшін негіз болып:

1) сотталған әскери қызметші немесе мерзімді әскери қызметке немесе жұмылдыруға жататын әскери қызметші болуы тиіс;

2) соғыс кезіндегі елде ерекше жағдайлардың болуы;

3) үкімде сотталған адамға негізгі жазаның бір ғана түрі – бас бостандығынан айыру белгіленген, дегенмен сот қылмыстық заңға сәйкес жазаның қосымша түрлерін орындауды кейінге қалдыра алған.

Үкімді орындауды кейінге қалдыру сотталған тек соғыс қимылдары аяқталғанға дейін берілген. Онымен қоса, кейінге қалдырудың алғышарты болып, сотталғанды міндетті түрде әскерге жіберу болған.

Егер сотталушы өзін социалистік отанның табанды қорғаушысы ретінде көрсетсе, онда әскери қолбасшылықтың өтініші бойынша сот келесі шешімдердің бірін қабылдай алған:

1) сотталғанды жазадан босату турады;

2) жазаны басқа неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру туралы.

Сотталған кейінге қалдыру мерзімі ішінде жаңа қылмыс жасаған жағдайда, сот оған бірнеше үкім бойынша жаза тағайындаған.

Үкімді орындауды кейінге қалдырудың бұл түрі Қазақ КСР Қылмыстық кодексінде Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген қылмыстық заңнамасына дейін болған.

1977 жылы 15 ақпанда қылмыстық заңға үкімнің орындалуын тоқтата тұруға қатысты өзгерістер енгізілді, соған сәйкес бұл институт біршама кеңейтілді. Осылайша, КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының КСРО және одақтық республикалардың қылмыстық заңнамасының негіздерін 39-баппен толықтыру туралы Жарлығымен кәмелетке толмағандарға қатысты үкімнің орындалуын кейінге қалдыру туралы ереже енгізілді [12]. Осы қаулы негізінде одақтық республикалар өздерінің қылмыстық кодекстеріне тиісті өзгерістер енгізді.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1977 жылғы 11 наурыздағы Қазақ КСР «қылмыстық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» [13]. Жарлығымен Қазақ КСР-нің қылмыстық заңы 41-1 бабымен толықтырылды, оған сәйкес бірінші рет үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған кәмелетке толмаған адам істің барлық мән-жайларын ескере отырып, сот үкімнің орындалуын алты айдан екі жылға дейінгі мерзімге тоқтата тұруы мүмкін.

Осылайша, 1982 жылға дейін үкімнің орындалуын кейінге қалдыру тек кәмелетке томағандарға қатысты қолданылған. Бұл институтты пайдалану тәжірибесі оның болуының қажеттілігі мен тиімділігін растады. Сол себепті заңшығарушы кәмелетке толмаған сотталғандарға қатысты үкімнің орындалуын кейінге қалдыруды енгізу қажет деп санаған.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1982 жылғы 26 шілдедегі «Қылмыстық және түзеу еңбек заңнамасын одан әрі жетілдіру» [14], Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 41-1 баптарында көзделген жазаны орындауды кейінге қалдыру туралы Жарлығымен Қазақ КСР елеулі өзгерістерге ұшырады. Сол кезден бастап республика соттарына КСРО Жарлығының 41-1 бабын адамдардың неғұрлым кең тобына қатысты, яғни

бірінші рет үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған барлық адамдарға қатысты қолдану құқығы берілді.

Сол кездегі үкімді орындауды кейінге қалдыру тәуелсіз институттардың бірі болды, оның мақсаты мен мәні сотталғандарға қылмыстық заңмен белгіленген шарттарды орындаған жағдайда жазаны нақты өтеу сатысынан айналып өтіп, оларға тәрбиелік ықпал ету болды.

Осылайша, Қазақ КСР-нің қылмыстық заңнамасында үкімді орындауды кейінге қалдыру институты екі нысанда ұсынылды:

1) әскери қызметшіге және соғыс уақытында әскери қызмет өтеуге міндетті адамға үкімді орындауды кейінге қалдыру;

2) үкімді орындауды кейінге қалдыру.

КСРО-ның және одақтас республикалардың қылмыстық заңнамасына енгізілген өзгерістерге байланысты КСРО Жоғарғы Соты үкімді орындауды кейінге қалдыру жөніндегі сот тәжірибесін қорытындылады. Жалпылау нәтижелері КСРО Жоғарғы сотының жаршысында жарияланған үкімнің орындалуын кейінге қалдыру туралы соттардың аразы бойынша карауда көрсетілді. Осы жалпылаудың қорытындысы бойынша 1985 жылы 21 маусымда Жоғарғы Соттың пленумы «үкімнің орындалуын кейінге қалдыруды қолдану туралы сот практикасы» [15] қаулысын қабылдады, онда туындайтын көптеген күрделі мәселелер айқындалды.

Кейінге қалдыру институтының қалыптасу тарихын қадағалай отырып, кейбір бұрынғы кеңестік республикалардағы, атап айтқанда Ресей Федерациясындағы заңнаманы реформалау осымен тоқтағанын атап өткен жөн. Сонымен, сол кезде тәуелсіз мемлекет болған Ресейде 1992 жылы 12 маусымда РКФСР Қылмыстық кодексіне, РКФСР-дің түзеу еңбек коллексіне және Қылмыстық Кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Ресей Федерациясының заңы қабылданды. РСФСР қылмыстық заңы жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдердің жазасын өтеуді кейінге қалдыруды көздейтін 46 бабымен толықтырылды [16]. Бұл ретте, сотталғандардың осы санатына

қатысты жазасын өтеуді кейінге қалдыруды қолдану жоғарыда аталған заңда бекітіленге дейін үш жыл бойына құқықтық эксперимент ретінде тәжірибеде сынақтан өткенін айта кеткен жөн. Жүргізілген эксперимент оң нәтиже беріп, РКФСР ҚК-нің 46-бабын РКФСР қылмыстық заңнамасына енгізу арқылы жүзеге асырылды. Осы санаттағы әйелдерге жазаны өтеуді кейінге қалдыруды қолдану мүмкіндігі бұрын да болған, бірақ тек қылмыстық іс жүргізу кодексінде ғана қарастырылған, оған сәйкес сот кейінге қалдыруды жаза тағайындау кезінде ғана қолдана алған.

Алғаш рет бұл институт Жоғары Кеңес Президиумының 1990 жылғы 19 желтоқсандағы қаулысымен қарастырылды, оған сәйкес 1991 жылы оң дәрежеде сипатталған жүкті әйелдер мен балалар үйінде, әйелдерге арналған түзеу колонияларында жас балалары бар әйелдерге бас бостандығынан айыру жазасын орындауды кейінге қалдыру бойынша эксперимент жүргізілді. Бұл кейінге қалдыруды сот колония әкімшілігінің және қадағалау комиссиясының талабы бойынша тәртіптік жазаға тартылған әйелдерге, егер олардың тұрақты тұратын жері, сақталған отбасы және туыстарының оны қабылдауға ниеті болса үш жылға дейін қолданған.

Кейінге қалдыру бас бостандығынан айыру жазасын өтеу үшін екіден аса соттылығы бар ауыр қылмыс жасағаны үшін (қасақана кісі өлтіру және қасақана ауыр дене жарақаттарын келтіргендер, қарақшылық) сотталған әйелдерге қатысты қолданылмаған. Егер сотталған әйел жазаны өтеуді кейінге қалдыру кезеңінде әкімшілік құқық бұзушылық жасаса, баланы тәрбиелеуге тиісті қарамаса, баласын басқа адамдардың немесе мемлекеттің тәрбиесіне берсе, онда ол соттың шешімімен түзеу колониясына қайтарылып, бас бостандығынан айыру мерзімінің өтелмеген бөлігін өтеген. 1991 жылы түзеу-еңбек колониясының балалар үйінде баласы бар 85 әйелге жазаны өтеу кейінге қалдыру берілген.

Эксперимент сәтті аяқталды, кейінге қалдыру шарттарын бір ғана әйел бұзды, ол жазасын өтеу үшін колонияға қайтарылды. Эксперимент нәтижелері

бойынша Ресей Федерациясында 1992 жылғы 12 маусымдағы РСФСР-дің «Түзеу еңбек кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңымен жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдерге жазаны өтеуін кейінге қалдыру енгізілді, бұл РКФСР ҚК-нің 46 бабында көзделді. Бірақ Қазақстанда 1959 жылғы ҚазКСР ҚК-не кейінге қалдырудың бұл түрін қарастыратын ешқандай толықтыру енгізілген жоқ. Сонымен қатар, сол кезде 1959 жылғы ҚазКСР Қылмыстық кодексінде «үкімнің орындалуын кейінге қалдыру туралы» 41-1 бабы бар болатын.

Осы баптың нормаларына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 12 мамырдағы заң күші бар Жарлығымен бас бостандығынан айыруға сотталған адамға жаза тағайындаған кезде жасалған қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесін, кінәлінің жеке басын және істің өзге де мән-жайларын, сондай-ақ оны қоғамнан оқшаулаусыз түзету мүмкіндігін ескере отырып, алғаш рет үш жылға дейінгі мерзімге, - мұндай адамға қатысты үкімді орындауды және қосымша жазаны бір жылдан екі жылға дейін кейінге қалдыруға болатын [17].

1990 жылы 14 желтоқсанда Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы түрмеге қамауға алумен байланысты емес шаралардың БҰҰ-ның минималды стандартты ережелерін қабылдады. Оны басқаша Токио ережелері деп атайды. Бұл ережелер құқық бұзушыларда қоғам алдындағы жауапкершілік сезімін қалыптастыруға және нығайтуға бағытталған. Сот билігі адамды қамауға алмай-ақ орындауға болатын үкімдер шығара алады. Сонымен, осы Ережелердің 8.2 тармағында қылмыскерге жазаны шартты түрде немесе шартты түрде соттау, бас бостандығынан айыру орындарынан шартты түрде босату және басқа да шаралар сияқты ықпал ету шаралары көзделген [18].

1998 жылға дейін Қазақстан Республикасының қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу заңнамасында сотталғандардың келесі санаттарына қатысты үкімді орындау мерзімін кейінге қалдыру көзделген болатын:

1) әскери қызметшілер немесе соғыс уақытында әскери міндеттілер (соғыс қимылдары аяқталғанға дейін берілді);

2) қоғамнан оқшауланбай түзелу және қайта тәрбиелеу мүмкіндігімен үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға алғаш рет сотталған адамдар (бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге берілді);

3) сотталғанның жазаны өтеуге кедергі келтіретін ауыр науқасын ескере отырып (сотталған сауығыт кеткенге дейін берілген);

4) сотталған жүкті әйелдерге (бір жылдан аспайтын мерзімге берілген)

5) жас балалары бар болған жағдайда сотталған әйелдерге берілген (баласы үш жасқа толғанға дейін берілген);

6) жазаны дереу өтеу сотталған адам немесе оның отбасы үшін ауыр зардаптардың басталуына әкеп соғуы мүмкін болған жағдайда (үш айдан аспайтын мерзімге берілген).

Қазақстан Республикасының заң шығарушысы жазаны өтеуді кейінге қалдыру туралы нормаларды әзірлеу кезінде бұрынғы қылмыстық заңнамада қамтылған жазаның орындалуын кейінге қалдыру туралы нормаларды қолданудың Қазақ КСР мен одақтас республикалардың тарихи тәжірибесін ескергені сөзсіз. Қылмысқа қарсы күрес тәжірибесін, оның тиімділігін арттыру қажеттілігін ескере отырып, кейінге қалдыру институты жетілдіріліп, одан әрі демократиялық сипатқа ие болды.

1997 жылғы 16 шілдеде Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасына енгізілген жаңашылдықтардың ішінде қылмыстық жауаптылықты саралауда маңызды орынды жазаны өтеуді кейінге қалдыру институты алды, ол келесі жағдайларда оның қолданылған:

1) жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдерге қатысты;

2) төтенше жағдайлар орын алғанда.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы қылмыстық іс жүргізу заңында осы екі түрге қосымша сотталғанның ауыр сырқатына

байланысты жазасын өтеу кейінге қалдыру мүмкіндігі сақталған (ҚІЖК 452 б. 1 б. 1 т.).

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі күшіне енгеннен бері жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдердің жазасын өтеуін кейінге қалдыру туралы нормаларға біраз өзгерістер енгізілді. Осылайша, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының қылмыстық процесілік кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы № 363-ІІ Заңына сәйкес жас балалары бар әйелдерге жазаны өтеуді кейінге қалдыру баласы 14 жасқа толғанға дейін берілді (бұрынғы редакцияда - бала 8 жасқа толғанға дейін болатын)[19].

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру және қылмыстық сот ісін жүргізулегі заңдылықтың кепілдіктерін күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2011 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы ҚР ҚК 72 бабына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы соған сәйкес жазаны өтеуді кейінге қалдыруды қолдану аясы кеңейтілген [20].

Қазіргі уақытта ҚР ҚК 74-бабын жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдерге ғана емес, жас балаларды жалғыз өзі тәрбиелеп отырған ер адамдарға да қолданылуы мүмкін [21].

2011 жылғы 9 қарашадағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңымен жас балалары бар әйелдердің және жас балаларды жалғыз өзі тәрбиелеп отырған ерлердің жазасын өтеуді кейінге қалдыру мерзімі оны бес жылмен шектеп өзгертілді[22]. Қазіргі уақытта жазаны өтеуді кейінге қалдыру сотталғандардың аталған екі санатына бес жылға дейінгі мерзімге, бірақ бала 14 жасқа толғанға дейінгі мерзімге тағайындалады.

Сонымен қатар, 2011 жылғы 29 қарашадағы №502-IV заңымен төтенше жағдайларға байланысты жазаны өтеуді кейінге қалдыру туралы қылмыстық заңға өзгерістер енгізілді террористік қылмыстар үшін сотталғандарға кейінге қалдырудың бұл түрін қолдануға тыйым салынды [23].

Қорытындылай келе, жазаны өтеуді кейінге қалдыру институты сотталғандарды қоғамнан оқшауламай, олардың тәртібін мемлекеттік органдардың міндетті түрде бақылауы (пробация қызметі) жағдайында түзеуге мүмкіндік береді. 1997 жылы ҚР қылмыстық заңнамасында жазаны өтеуді кейінге қалдыру институтының пайда болуының объективті қажеттілігі, біздің ойымызша, ең алдымен қылмыстық жауапкершілікті саралау мен дараландыруға және қылмыстық жауапкершілік пен қылмыстық қудалау шараларын сақтауға бағытталған қылмыстық саясаттан туындаған.

1.2 Шет елдердің қылмыстық заңнамасы бойынша жазаны өтеуді кейінге қалдыру туралы нормалар

Басқа елдердің қылмыстық заңнамасын оқып-білу адамның ой-өрісін кеңейтіп ғана қоймайды, кейбір жағдайларда ғылыми-зерттеу жұмыстарда қажет. Бұрын атап өтілгендей, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодекстің нормаларын әзірлеген кезде, тек Қазақ КСР мен одақтық республикалардың бұрынғы заңнамаларының тәжірибесін ғана ескеріп қоймаған. ТМД елдерінің модельдік Қылмыстық кодексін және тікелей Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексін әзірлеуде бірқатар шет мемлекеттердің тарихи тәжірибесі мен қолданыстағы қылмыстық заңнамасына көп көңіл бөлінді.

Кейбір елдердің, мысалы, Англия, АҚШ сияқты шетелдік қылмыстық заңнамасында пробация туралы ережелер бар. Бұрын атап өткеніміздей, қазіргі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген жазаны өтеуді кейінге қалдыру институты өзінің кейбір құқықтық белгілері бойынша бірқатар шет мемлекеттердің заңнамасында көзделген пробацияға өте ұқсас. Тіпті,

республикамыздағы жазаны өтеуді кейінге қалдыруды, Қазақстанның қылмыстық заңнамасында бекітілген пробацияның бір түрі ретінде қарастырған жөн деген пікір бар.

М.Р.Гета: «Қазақстан Республикасында шартты түрде соттау, жазаны өтеуді кейінге қалдыру, шартты түрде мерзімінен бұрын босату әлеуметтік-құқықтық бақылаудың ерекше нысанын, бас бостандығынан айырусыз сотталғандарды сынақтан өткізуге негізделген пробацияны құрайды» деп атап көрсетеді [24]. Бұл көзқараспен келіспеу қиын, өйткені Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде пробация сияқты норма тікелей болмаса да, отандық қылмыстық құқық ғылымына бұндай ұғым әлі күнге дейін беймәлім, бірақ соған қарамастан, жазаны өтеуді кейінге қалдыру да, шартты түрде соттау да, қолдану мақсаттары мен міндеттерінің ұқсастығы мен ортақтығына сүйене отырып, дербес қылмыстық-құқықтық институттар болып қала отырып, жалпы оларды біртұтас ұжымдық түрде, пробация ретінде атауға болады.

Әлемдік тәжірибеде сотталғандарды қоғамнан оқшаулаумен байланысты жазалардан басқа, қылмыстық жазалау шараларына үлкен көңіл бөлінеді, өйткені сотталғанды қоғамнан оқшаулауға, атап айтқанда, бас бостандығынан айыруға байланысты жаза түрлері, сотталғанның түзелуіне және қылмыстық жазаның басқа мақсаттарына жетуіне әрқашан ықпал ете бермейді.

Пробация институты, сотталушыға жазаны нақты өтеуден аулақ болуға мүмкіндік береді, көбінесе жазаның негізгі мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді. Пробация шартты түрде соттаудың және жазаны өтеуді кейінге қалдырудың құқықтық сипатының жақындығына негізделеді. М.Р.Гета жазғандай: «Пробация кең мағынада сынақ жағдайында бостандықта жүрген қылмыскерлерге тәрбиелік ықпал ету шараларын біріктіретін әлеуметтік-құқықтық бақылау нысаны ретінде түсініледі» [24, с. 4].

Жоғарыда айтылғандай, пробация Англияда XIX ғасырдың соңында пайда болды. Ұзақ уақыт бойы, атап айтқанда 1948 жылға дейін, пробацияға арналған заңнамалық актілер біріктіріліп, кейіннен кеңінен қолданыла бастады.

Ағылшынның қылмыстық заңына сәйкес пробацияның мәні сотталушыны оңалту, қоғамды оған келтірілген зияннан қорғау немесе оның жаңа қылмыстар жасауына жол бермеу үшін оған белгілі бір шектеулер қою болып табылады [25]. Ағылшын қылмыстық құқығында пробация дербес қылмыстық-құқықтық институт емес, бас бостандығынан айыруға байланысты емес жаза түрлерінің бірі ретінде қарастырылғанын айта кеткен жөн. Англияда 1991 жылғы қылмыстық әділет туралы заңға сәйкес, пробацияны сот, істің мән-жайын, қылмыстың сипатын және сотталушының жеке басын ескере отырып, түрмеге қамаудың баламасы ретінде тағайындайды. Пробацияның бұл түрі 16 жастан асқан адамдарға алты айдан үш жылға дейінгі мерзімге тағайындалады. Егер сот жасалған қылмыстың соншалықты ауыр екендігіне, бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаны қолдануға болмайтынына сенімді болса, пробация тағайындала алмайды. 1991 жылғы «Қылмыстық Әділет туралы» Заңда және 1973 жылғы «Қылмыстық соттардың өкілеттіктері туралы» заңда пробацияға сотталған адамдарға белгілі бір міндеттер жүктелетініне назар аударылады, атап айтқанда:

-сотталған пробация туралы бұйрық шығарылған күннен бастап 12 айдан аспайтын мерзімде арнайы пробация қызметінің жатақханасында немесе басқа жерде тұруға тиіс;

- сотталған адам белгілі бір қызмет түрін орындауға немесе орындамауға тиіс;

- сотталған адам арнайы пробация орталығына баруға міндетті;

-егер сотталған психикалық аурумен, нашақорлықпен немесе маскүнемдікпен ауырса, тиісті емдеу курсынан өтуге міндетті.

Осы жаза түрі тағайындалған адамға заңға сәйкес міндетті түрде бақылау белгіленеді, оны пробация қызметінің арнайы қызметкері жүзеге асырады.

Айта кететін жайт, Англиядағы пробацияның ерекшелігі, құқық бұзушының келісімімен ғана, пробацияны тағайындай алатындығы болып табылады. Англияда соңғы жылдары пробация өте кең қолданысқа ие болды.

Сонымен қатар, ағылшын қылмыстық заңнамасында, бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны, шартты түрде тоқтата тұру туралы ережелер бар (кейінге қалдырылған үкім) [26]. Сот шартты түрде жазаны тоқтата тұру ережесін қолданған жағдайда, сотталған адамның жақсы мінез-құлқын ескере отырып, үкімнің орындалуын бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге кейінге қалдырады. Сонымен қатар, бұл жаза қадағалау туралы бұйрықпен немесе бұйрықсыз тағайындалады. Англияның қылмыстық заңнамасы бойынша жазаны шартты түрде кейінге қалдыру, сондай-ақ пробация, бас бостандығынан айыру жазасының түрі болып танылады, Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасына сәйкес жазаны кейінге қалдыру, дербес қылмыстық-құқықтық институт болып табылады.

Жазаны орындауды кейінге қалдыру (пробация) 1915 жылы Голландия Қылмыстық кодексінің жүйесіне енгізілді.

Голландия Заңы бойынша жазаны орындауды кейінге қалдыру:

- ауыстыру тәртібімен тағайындалған қамаудан басқа жағдайларда, бір жылдан аспайтын мерзімге бас бостандығынан айыру тағайындалған адамдарға;

- айыппұл тағайындалған адамдарға тағайындалған.

Қосымша жазалар толық немесе ішінара кейінге қалдырылуы мүмкін.

Пробация мерзімі тағайындалған жазаның түріне байланысты әртүрлі болуы мүмкін:

- айыппұл түрінде жаза тағайындалған жағдайда – екі жылдан артық емес;

- қалған жағдайларда – үш жылдан артық емес.

Пробация тағайындаған сот қадағалау органының өтініші бойынша немесе қамаудағының өтініші бойынша пробация мерзімін қысқартуы немесе

ұзартуы мүмкін екенін атап өткен жөн. Мерзімнің ұлғаюы бір жылдан аспауы мүмкін [27].

Жазаны орындауды кейінге қалдыру қолданылған кезде сотталған адамға мынадай міндеттер (шарттар) жүктеледі:

- жалпы шарт – сотталған адам пробация мерзімі ішінде қылмыстық құқық бұзушылық жасамауы тиіс;

- ерекше жағдайлар:

а) қылмыстық құқық бұзушылық нәтижесінде келтірілген залал үшін өтемақы төлеу;

б) қажет болған жағдайда мамандандырылған мекемеде емдеу курсынан өту міндеті;

в) банк депозитіне кепілдік ретінде ақша сомасын беру міндеті;

г) сотталғанның мінез-құлқына қатысты басқа да ерекше жағдайлар.

Бұл жерде ерекше жағдайларды істің мән-жайына және сотталушының мінез-құлқына байланысты судья өзгертуі, жоюы немесе тағайындауы мүмкін екенін атап өткен жөн.

Голланд қылмыстық заңнамасына сәйкес пробация қолданылған адамдарға қылмыскерлерді ақтау үшін жария айыптау қызметі және (немесе) мекеме жүзеге асыратын қадағалау белгіленеді.

Егер сотталған адам пробация шарттарын сақтамаса, онда сот, егер оның негіздері болса, мынадай түрде әрекет етуге тиіс: кейінге қалдырылған үкімді орындауды ұйғаруға не кейінге қалдырылған үкімнің бір бөлігін орындауды ұйғаруға, бұл ретте пробация шарттары қолданылмай қалады не өзгертіледі.

Егер адам кейінге қалдыру мерзімі ішінде шарттарды бұзбаса, онда пробация мерзімі өткеннен кейін сот сотталған адамды жазаны өтеуден босату туралы біржақты шешім қабылдайды.

Голландияның қылмыстық заңнамасына сәйкес кәмелетке толмағандарға қатысты кейінге қалдырудың кейбір ерекшеліктері бар:

1) пробация мерзімі екі жылдан аспауға тиіс;

2) жалпы және ерекше жағдайлар кәмелетке толған сотталған адамның мерзімін кейінге қалдыра отырып тағайындайтын жағдайлардан ерекшеленбейді;

3) көпшілік алдында айыптау қызметінен басқа, пробация кезінде кәмелетке толмағандарды қадағалауды не жастарға көмек көрсету туралы заңда көрсетілген арнайы уәкілеттік берілген заңды тұлға не пробация шарттарын орындауда сотталған адамға көмектесуге және жәрдемдесуге міндетті жеке адам жүзеге асырады.

Қалған жағдайда кәмелетке толмаған сотталғандарға қатысты пробация кәмелетке толған сотталғандарға қолданылатын пробациядан ерекшеленбейді.

Голландияның Қылмыстық кодексінде көзделген пробацияны Қазақстан Республикасы ҚК-нің 74-бабында көзделген жазаны өтеуді кейінге қалдыру институтымен салыстыру кезінде мынадай айырмашылықтарды атап өтуге болады:

- Голландияның қылмыстық Заңына сәйкес пробацияны қолдану сот тағайындайтын жазаның мерзімімен және түрімен шектеледі (жазаның неғұрлым жеңіл түрлері тағайындалған жағдайларда ғана қолданылады), біздің Республиканың Қылмыстық кодексінде жазаны өтеуді кейінге қалдыруды қолдану осындай талаптармен шектелмейді;

- Голландияның қылмыстық заңнамасына сәйкес сотталғанның оң мінез-құлқын ескере отырып, кейінге қалдыру мерзімі аяқталғаннан кейін сот сотталушыны жазасын өтеуден босату туралы біржақты шешім қабылдайды. Қазақстандық қылмыстық заңнамаға сәйкес жазаны өтеуді кейінге қалдыру мерзімі аяқталғаннан кейін, тіпті жазаны өтеуді кейінге қалдыру уақыты үшін сотталған адамға оң мінездеме болған кезде де, сот оны жазаны өтеуден босатуға міндетті емес, тек қана құқылы;

- Голландияның қылмыстық Заңында қарастырылған пробацияның оң жағы – кейінге қалдыру кезінде сотталушыға заңда тікелей көзделген міндеттер міндетті түрде жүктеледі;

- Голландияның қылмыстық Заңында кәмелетке толмағандарға қатысты пробацияны қолданудың ерекше тәртібі көзделген, Қазақстанның қылмыстық заңнамасы бойынша кәмелетке толмаған сотталғандарға қатысты кейінге қалдыруды қолдануды реттейтін арнайы норма жоқ.

Швейцарияның қылмыстық заңнамасына сәйкес кейінге қалдырудың бірқатар ерекшеліктері бар. Мәселен, 1937 жылғы 21 желтоқсандағы Швейцарияның Қылмыстық кодексінде «шартты түрде соттау» деген 41-бап бар [28], ол өз мәні бойынша жазаны орындауды кейінге қалдыруды білдіреді. Осы нормаға сәйкес шартты түрде соттау 18 айдан аспайтын мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталғандарға қолданылады және болашақта оның бұрынғы оң мінез-құлқына байланысты қылмыс немесе теріс қылық жасамайды деп күтуге негіздер болған кезде қолданылады. Сонымен қатар, бас бостандығынан айыруды орындау да, тағайындалған қосымша жазаны орындау да кейінге қалдырылуы мүмкін (мысалы, жұмыстан босату, ата-ана билігінен айыру немесе белгілі бір мейрамханаға баруға тыйым салу). Егер сот бірнеше жаза тағайындаса, онда шартты түрде соттау олардың біреуіне ғана тағайындалады.

Шартты түрде соттауды қолдану (жазаны орындауды кейінге қалдыру) үшін келесі қажетті шарт – сотталған адам соттың шешімі бойынша немесе тараптардың келісімі бойынша келтірілген зиянды өтейді. Жазаны орындауды кейінге қалдырған кезде сот сынақ мерзімін екі жылдан бес жылға дейін белгілейді.

Егер сотталған адам қылмыс жасағанға дейін бес жыл ішінде қасақана қылмыс немесе теріс қылық жасағаны үшін жазаны ауыр қамаққа алу немесе кемінде үш ай мерзімге бас бостандығынан айыру түрінде өтеген жағдайда сот кейінге қалдыруды қолдана алмайды.

Жазаны орындауды кейінге қалдыра отырып сотталған адамға сот күзет қадағалауын белгілей алады. Яғни, заң қадағалау мерзімін кейінге қалдыруды (шартты түрде соттауды) қолданудың міндетті шарты болып табылмайды.

Белгіленген сынақ мерзімі кезеңінде сотталған адамға белгілі бір нұсқаулар (міндеттер) жүктелуі мүмкін.:

- кәсіби білім алу;
- белгілі бір аумақта болу;
- медициналық бақылауда;
- алкогольді ішімдіктерді ішуге тыйым салу;
- қылмыспен келтірілген зиянды сот белгілеген мерзім ішінде өтеуге міндетті.

Сонымен қатар, заңда қарастырылған шарттардың ішінен бір немесе бірнеше шарт белгіленуі мүмкін. Сынақ мерзімі кезеңінде судья бұл шарттарды сотталған адамның мінез-құлқына қарай өзгерте алады.

Егер сынақ мерзімі кезінде сотталған адам жаңа қылмыс немесе теріс қылық жасаса, белгіленген нұсқаулардың ең болмағанда біреуіне қарамастан әрекет етсе (құзыретті органдардың ресми ескертуін елемей), күзет қадағалауынан табанды түрде жалтарса немесе көрсетілген сенімге өзгеше түрде мән бермесе, онда судья мынадай шешімдердің бірін қолдануға құқылы:

- жеңіл жағдайларда істің мән-жайын ескере отырып, сотталғанға қосымша міндеттер тағайындап, сынақ мерзімін ұзарта алады, бірақ жартысынан аспайды;

- неғұрлым ауыр жағдайларда (қылмыс жасаған кезде) судья кейінге қалдырылған жазаны орындау туралы шешім қабылдайды.

Егер сотталған адам оң сипатталса, сот жүктеген міндеттерді орындайды және сынақ мерзімі аяқталғанға дейін жазасын шартты түрде өтесе, онда құзыретті органы соттылықты есепке алу тізіліміндегі үкім туралы жазбаны жояды.

Швейцария қылмыстық заңнамасы бойынша кәмелетке толмаған сотталғандарға (15-тен 18 жасқа дейін) қатысты шартты түрде соттаудың (жазаны орындауды кейінге қалдыру) өз ерекшеліктері бар, олар мыналардан тұрады:

- біріншіден, қамау және айыппұл сияқты жаза түрлері кейінге қалдырылуы мүмкін;

- екіншіден, сынақ мерзімі алты айдан үш жылға дейін болады.

Қалған жағдайда жазаны орындауды кейінге қалдыру кәмелетке толған сотталғандарға қолданылатын кейінге қалдырудан ерекшеленбейді.

Жазаны орындау жөніндегі үкімді кейінге қалдыру жасөспірімдерге қатысты ғана қолданылады. Бұл норма, егер шешім қабылдайтын органда жасөспірімге қатысты көзделген шаралардың бірін (тәрбие шараларын, ерекше бақылауды) қолдану талап етілетініне немесе оған қатысты жаза тағайындалуға тиіс екендігіне сенім болмаған жағдайда қолданылады. Мұндай жағдайларда бұл орган берілген шешімді кейінге қалдыра алады және сынақ мерзімін алты айдан үш жылға дейін белгілейді, сондай-ақ оған шартты түрде соттау (жазаны орындауды кейінге қалдыру) кезіндегідей міндеттерді тағайындай алады. Әрі қарай, үкімді кейінге қалдырған кезде жасөспірімге міндетті түрде бақылау жасалады. Сынақ мерзімі аяқталғанға дейін жасөспірімнің мінез-құлқына байланысты арнайы орган шешім қабылдайды:

- не әрбір шарадан немесе жазадан бас тарту;

- не қорытынды немесе айыппұл немесе осы жазалардың бірін тағайындайды.

Яғни, жазаны орындау жөніндегі үкімді кейінге қалдыру қылмыс жасаған жасөспірімге қатысты шешім (үкім) шығаруды неғұрлым кеш мерзімге ауыстыруды білдіреді деп айтуға болады.

Швейцарияның қылмыстық заңнамасы бойынша жазаны орындауды кейінге қалдыруға және Қазақстанның Қылмыстық кодексінде көзделген жазаны өтеуді кейінге қалдыруға салыстырмалы талдау жүргізе отырып, мыналарды атап өтуге болады:

- біз қараған жазаны орындауды кейінге қалдыру тағайындалған жазаның түрімен және мерзімімен және қылмыс жасалғанға дейінгі сотталған адамның мінез-құлқымен шектеледі. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы

бойынша жазаны өтеуді кейінге қалдыруды қолдану мұндай шектеуді қамтымайды;

- Швейцарияның қылмыстық заңы бойынша сот кейінге қалдыруды қолдана отырып, сотталушыға белгілі бір міндеттерді жүктеуі мүмкін. Біздің мемлекетіміздің қылмыстық заңында мұндай ереже жоқ;

- Қазақстанның қылмыстық заңнамасынан айырмашылығы, Швейцарияның қылмыстық заңнамасына сәйкес кейінге қалдырумен сотталғандарға бақылау орнату міндетті болып табылмайды;

- Қазақстандық қылмыстық заңға қарағанда, Швейцарияның қылмыстық заңнамасында кейінге қалдырылған сотталған адамдарға қатысты соттылықты өтеу туралы мәселе реттелген;

- Швейцарияның қылмыстық Заңында кәмелетке толмаған сотталғандарға қатысты кейінге қалдыру туралы жеке норма бар.

ГФР қолданыстағы қылмыстық заңнамасында (1871 жылғы 15 мамырдағы ГФР ҚК) жазаны шартты түрде кейінге қалдырумен байланысты құқықтық институт бар.

ГФР ҚК жалпы бөлімінің «әрекеттің құқықтық салдары» үшінші бөлімінде жазаны шартты түрде кейінге қалдыруға төртінші тарау арналған [29].

ГФР қылмыстық заңнамасы бойынша жазаны шартты түрде кейінге қалдыру бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға бір жылдан аспайтын мерзімге сотталған кезде қолданылады. Шартты түрде кейінге қалдыру соттың болашақта бұл адам бұдан былай қылмыс жасамайды және сотталған адамды нақты жазасын өтеусіз түзетуге негіз болған кезде тағайындалуы мүмкін. Сотталған адамға жазаны шартты түрде кейінге қалдыруды тағайындау кезінде сот сотталған адамның жеке басын, оның бұрынғы өмірін, қылмыстың жасалу мән-жайларын, қылмыс жасалғаннан кейінгі мінез-құлқын, сондай-ақ оның өмір сүру жағдайларын және жазаны шартты түрде кейінге қалдыруды қолдану нәтижесінде одан күтуге болатын салдарларды ескереді.

Алайда, екі ерекшелік бар екенін атап өткен жөн:

1) кейбір жағдайларда сот бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны бір жылдан астам, бірақ екі жылдан аспайтын мерзімге тағайындау кезінде жазаны шартты түрде кейінге қалдыруды тағайындауы мүмкін. Бұл сотталушының әрекеті мен жеке басына қатысты ерекше жағдайлар болған кезде ғана мүмкін болады;

2) егер құқық тәртібін қорғау мүдделеріне қайшы келсе, кемінде алты ай мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға сотталған кезде жазаны шартты түрде кейінге қалдыру қолданылмайды.

Сотталған адамға жазаны шартты түрде кейінге қалдыруды қолданған кезде сот екі жылдан бес жылға дейінгі шекте сынақ мерзімін белгілейді. Сынақ мерзімі жазаны шартты түрде кейінге қалдыру туралы шешім күшіне енгеннен басталады.

Жазаны шартты түрде кейінге қалдыру кезінде сот сотталған адамға белгілі бір міндеттерді жүктей алады:

- іс-әрекетпен келтірілген залалды қолдан келгенше өтеу;
- егер бұл іс-әрекетке байланысты ұйғарылса, қоғамдық мекеменің пайдасына ақша сомасын төлеу;
- қоғамдық пайдалы жұмыстарды орындау;
- қазынаға ақшалай соманы төлеу.

Бірақ сонымен бірге заңда сотталушыға мүмкін емес талаптар қоюға болмайды деген ескерту бар.

Сынақ мерзімі кезеңінде сот сотталған адамға одан әрі жаңа қылмыстардың жасалуын болдырмау үшін белгілі бір көмек көрсету мақсатында белгілі бір нұсқаулар бере алады. Осылайша, неміс заңнамасына сәйкес «міндеттер» мен «шарттар» ұғымы мен мазмұны біршама сәйкес келмейді.

Сот мынадай нұсқаулар береді:

- сотталған адам белгілі бір уақытта сотқа немесе басқа мекемеге келуі тиіс;

- орналасқан жеріне, біліміне немесе жұмысына қатысты бұйрықтарды орындау;

- оны жаңа қылмыс жасауға итермелеуі мүмкін белгілі бір адамдармен сөйлесуге тыйым салу;

- жаңа қылмыстық жазаланатын іс-әрекеттер жасау үшін заттарды иеленбеу, не өзінде сақтау;

- балаларды немесе басқа адамдарды күтіп-бағу бойынша міндеттерді орындау; - физикалық араласумен байланысты емдеуден өту.

Егер сотталған адам өзінің болашағына қатысты уәде берсе және уәде етілген адамның сақталуын күтуге негіз болса, бұл нұсқауларды сот тағайындамайды.

Сынақ мерзімі кезеңінде сот сотталған адамды өз қызметін не қызмет бойынша, не қоғамдық негізде жүзеге асыратын арнаулы көмекшінің қадағалауына береді. Сынақ мерзімі кезеңінде көмекші сотталған адамға көмектеседі, оған қамқорлық жасайды, жүктелген міндеттердің немесе нұсқаулардың орындалуын бақылайды және сотқа бәрін хабарлайды. Көмекші қызметінің негізгі мақсаты – сотталғандарға жаңа қылмыстық іс-әрекеттер жасаудың алдын алу.

Сот жазаны шартты түрде кейінге қалдырудың күшін мына жағдайларда жоюға құқылы:

– егер сотталған адам сынақ мерзімі кезеңінде жаңа қылмыстық әрекет жасаса;

– егер сотталған адам нұсқауларды өрескел немесе жүйелі түрде бұзса немесе қадағалау мен көмекшінің басшылығынан жүйелі түрде жалтарса;

Кейбір жағдайларда, егер сот жеткілікті деп санаса, жазаны шартты түрде кейінге қалдырудың күшін жоюдан бас тартуы мүмкін:

– басқа да қосымша міндеттер жүктеу немесе нұсқаулар беру;

–сынақ мерзімін немесе сынақ мерзімі кезеңінде көмекшінің қадағалауында болатын уақытты ұзарту.

Сынақ мерзімі өткеннен кейін, егер сот оның кезеңінде жазаны шартты түрде кейінге қалдырудың күшін жоймаса, сотталған адам жазадан босатылады. Бұл жағдайда сот сотталған адам жүктелген міндеттерді орындау кезінде шеккен барлық шығындарды жазаға есептеуге тиіс.

Осылайша, ГФР Қылмыстық кодексінде көзделген шартты түрде кейінге қалдыру институтын біздің заңнама бойынша жазаны өтеуді кейінге қалдыру институтымен салыстыра отырып, шартты түрде кейінге қалдыру жазаны өтеуді кейінге қалдырумен ұқсас кейбір белгілерді қамтыса да (сотталған адам нақты тағайындалған жазаны өтемейді, ал оның орындалуы неғұрлым кеш мерзімге ауыстырылады), бірақ шартты түрде кейінге қалдыру Қазақстанның қылмыстық заңнамасында көзделген шартты түрде соттау институтына ұқсас деп айтуға болады.

Сонымен қатар, Испания өзінің қылмыстық заңнамасында кейінге қалдыру туралы ережелер бар елдердің қатарына жатады. 1995 жылғы 24 қарашада қабылданған және 1996 жылғы 24 мамырда күшіне енген Испанияның үшінші Қылмыстық кодексінің тарауында «бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның орындалуын алмастыратын шаралар» 80-81 баптары бар, олар жазаны орындауды кейінге қалдыруды қолданудың негіздері мен тәртібін реттейді [30].

Осы елдің қылмыстық заңнамасына сәйкес жазаны орындауды кейінге қалдыру мынадай шарттар болған кезде қолданылады:

1) егер адам алғаш рет қылмыс жасаса, бұл ретте абайсызда жасалған қылмыстар үшін шығарылған бұрынғы үкімдер, сондай-ақ қылмыстық заңға сәйкес алып тасталған соттылықтар ескерілмейді;

2) егер тағайындалған жаза немесе тағайындалған жазалардың сомасы екі жылға бас бостандығынан айырудан аспаса;

3) егер адам қылмыс жасаған азаматтық жауапкершілікті орындаса.

Жазаны кейінге қалдыру мерзімі кінәлінің жеке басына, әрекеттің сипаттамаларына, жазаның ұзақтығына тікелей байланысты және екі жылдан бес жылға дейін тағайындалады.

Жазаны орындауды кейінге қалдыру кезеңінде жаңа қылмыс жасамағаны туралы міндетті шарттан басқа, сот немесе Трибунал сотталған адамды мынадай міндеттерді орындауға міндеттей алады:

- белгілі бір жерге бармауға;
- соттың немесе трибуналдың рұқсатынсыз тұрғылықты жерінен кетпеу;
- сотқа немесе трибуналға өз қызметі туралы жеке хабарлау міндеті;
- еңбек, білім беру, мәдени және басқа да оқыту бағдарламаларына қатысу міндеті;
- кінәліні әлеуметтік қайта тәрбиелеу үшін қажетті басқа да міндеттемелерді орындау міндеттері.

Жазаны орындауды кейінге қалдыру қолданылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды сотқа және трибуналға есеп беретін әкімшілік қызмет жүзеге асырады.

Егер адам белгіленген мінез-құлық ережелерін бұзса, онда сот немесе Трибунал:

- белгіленген мінез-құлық ережесін басқасына ауыстыруға;
- жазаны орындауды кейінге қалдыру мерзімін ұзартуға, бірақ бес жылдан аспайтын мерзімге ұзартуға;
- жазаны орындауды кейінге қалдыру туралы шешімнің күшін жоюға міндетті.

Егер адам жазаны орындауды кейінге қалдыру кезеңінде жаңа қылмыс жасаса, онда бірыңғай ереже қолданылады – сот немесе Трибунал жазаны орындауды кейінге қалдыру туралы шешімнің күшін жояды және адам бұрын тағайындалған жазаны нақты өтеу үшін бас бостандығынан айыру орындарына жіберіледі.

Жазаны қолдану, шарттарын өзгерту немесе жазаны орындауды кейінге қалдырудың күшін жою мәселелерін қозғайтын барлық мәліметтер сотталғандар мен жазадан жалтарған адамдардың орталық тіркеліміне енгізіледі.

Адам жаңа қылмыс жасамай және белгіленген ережелерді сақтай отырып, жазаны орындауды кейінге қалдыру мерзімінің аяқталуы орталық тіркелімнің арнайы бөліміндегі жазбаның күшін жоюға әкеп соғады.

Испаниядағы жазаны кейінге қалдыру институты осылай көрінеді. Біздің ойымызша, Испанияның қылмыстық заңнамасында оң нәтиже мыналар болып табылады:

- кейінге қалдырудың барлық шарттарын орындаған адам жазасын өтеуден біржолата босатылады;

- кейінге қалдыруды тағайындау кезінде олар міндетті түрде қылмыстық заңның өзінде нақты көрсетілген міндеттерді жүктейді.

Францияда кейінге қалдыру институты бірнеше ондаған жылдар бойы жұмыс істеп келеді және қылмыстық заңнамада екі түрде ұсынылған:

- 1) жазаны орындауды кейінге қалдыру;
- 2) жазаны кейінге қалдыру [26, с.85-86].

Жазаны орындауды кейінге қалдыру соттың сотталушыны кінәлі деп танып, оған жаза тағайындай отырып, бір уақытта осы жазаны орындау кейінге қалдырылатыны туралы шешім қабылдауымен сипатталады.

Жазаны тағайындау кейінге қалдырылған кезде сот сотталушыны кінәлі деп танып, оған жаза тағайындамайды, бірақ ол белгілі бір уақыттан кейін жазалау мәселесін шешуге оралады деген қаулы шығарады.

Францияның қылмыстық Заңына сәйкес жазаны кейінге қалдырудың үш түрі бар:

- 1) жай ғана кейінге қалдыру;
- 2) сынақ режимімен кейінге қалдыру;
- 3) қоғамдық пайдалы жұмыстарды орындау міндетін кейінге қалдыру.

Жазаны кейінге қалдыру өз кезегінде үш түрге бөлінеді:

- 1) жай кейінге қалдыру;
- 2) сынақ режимімен;
- 3) нұсқаманы кейінге қалдыру.

Жазаны орындауды жай ғана кейінге қалдыру қылмыс, теріс қылық жасағаны немесе бұзушылық жасағаны үшін мынадай жағдайларда тағайындалады:

- жеке тұлғаға, егер ол жалпы қылмысы немесе бас бостандығынан айыру тағайындалуымен нақ сондай теріс қылығы үшін алдыңғы бес жыл ішінде сотталмаған болса;

- заңды тұлғаға, егер ол жалпы қылмысы үшін немесе мөлшері 400 мың франктан асатын айыппұл тағайындаумен осындай теріс қылық үшін сотталмаған жағдайда (бұзушылық үшін кейінге қалдырылған кезде – егер заңды тұлға 100 мың франктан астам айыппұл тағайындаумен қылмыс немесе теріс қылық үшін сотталмаған болса).

Адамға жазаны орындауды кейінге қалдырудың осы түрін қолданған кезде қылмыс немесе теріс қылық жасалған кезде – сынақ мерзімі бес жылды, және өзге құқық бұзушылық үшін – екі жылды құрайды.

Жеке тұлғаға қатысты жазаны орындауды жай ғана кейінге қалдыру мынадай жазаларға қолданылады:

- бес жылға дейінгі мерзімге түзеу түрмеге қамау;
- айыппұл;
- тәркілеуді, меншік құқығындағы адамға тиесілі мекемені жабуды және айыптау үкімін таратуды қоспағанда, құқықтардан айыру немесе шектеу.

Заңды тұлғаға қатысты жазаны орындауды жай ғана кейінге қалдыру мынадай жазаларды тағайындау кезінде қолданылады:

- айыппұл;
- заңды тұлғаның бір немесе бірнеше кәсіпорнын жабу;

- чектерді айналымға жіберуге немесе кредиттік карточкаларды пайдалануға тыйым салу;

- тәркілеу;

- айыптау үкімін тарату.

Егер жеке немесе заңды тұлға сынақ мерзімі ішінде жаңа жалпы қылмыстық қылмыс немесе теріс қылық жасамаса, ол сотталмаған болып есептеледі.

Жазаны сынақ режимімен орындауды кейінге қалдыру, егер оларға бес жылдан аспайтын мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза тағайындалса, жалпы қылмыстық қылмыс немесе теріс қылық жасаған жеке тұлғаларға ғана беріледі. Бұл жағдайда сот ұзақтығы 18 айдан 3 жылға дейінгі сынақ мерзімін белгілейді және сотталған адамға белгілі бір міндеттерді орындауды (кәсіптік қызметті жүзеге асыруды немесе оқуды, көлік құралын жүргізуден қалыс қалуды, бәс тігуді және заңда көзделген басқа да міндеттерді жасамауды) жүктейді.

Осы адамды бақылауды пробация жөніндегі арнайы агент жүзеге асырады. Сотталғандарды қайта әлеуметтендіруді қамтамасыз ету мақсатында оларға қоғамдық сипаттағы көмектің белгілі бір шаралары, ал қажет болған жағдайда – кез-келген қоғамдық және жеке ұйымдарды тарта отырып, материалдық көмек көрсетіледі.

Егер сотталған: сынақ мерзімі кезеңінде саяси қылмыс немесе теріс қылық жасаса; сот жүктеген міндеттерді орындамаса, сот оны толық немесе ішінара (бұл жағдайда сотталған адам түрмедегі қамаудың бір бөлігін ғана өтейді) кейінге қалдыруды жоюға құқылы.

Егер сынақ мерзімі аяқталғаннан кейін адам сынақ режимімен жазаны орындауды кейінге қалдыру шарттарын бұзбаса және кейінге қалдырудың күші жойылмаса, адам сотталмайтын болып есептеледі.

Сотталушыға әлеуметтік пайдалы жұмыстарды орындау міндетін жүктеу арқылы жазаны кейінге қалдырудың келесі түрі сотталушының 40-тан 240

сағатқа дейін ақысыз жұмыс жасауында көрінеді. Кейінге қалдырудың бұл түрі сынақты кейінге қалдыру сияқты негіздер бойынша тағайындалады. Алайда міндетті жүктеу мерзімін кейінге қалдыру, егер бұған сотталған адамның келісімі алынған жағдайда ғана тағайындалуы мүмкін. Бұл жағдайда сотталған адамға сынақ режимін кейінге қалдыру үшін заңда көзделген міндеттер жүктеледі. Сынақ мерзімінің ұзақтығы бір жарым жылдан аспайды. Кейінге қалдырудың бұл түрі арнайы пробацация агентінің жұмысын да қамтиды.

Сынақ режимімен жаза тағайындауды кейінге қалдыру, егер бұл адам сот отырысына қатысса, жалпы қылмыстық теріс қылық немесе бұзушылық жасаған жеке тұлғаға беріледі. Бұл жағдайда кінәлі адам келтірілген залалды өтейді және қылмыстық әрекеттен туындаған бұзушылықтар жақын арада тоқтатылады.

Кейінге қалдырудың осы түрінің сынақ мерзімі бір жылдан аспауға тиіс. Осы мерзім өткеннен кейін сот мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- кінәліні жазадан толық босатады;
- бұрын жасалған қылмыс үшін заңда немесе регламентте көзделген жазаны тағайындайды;
- жазаны тағайындауды қайтадан кейінге қалдыруды шешеді.

Жалпы, қорытындылайтын болсақ, шетелдердің қылмыстық заңнамасы бойынша жазаны өтеуді кейінге қалдыру институты жақсы дамыған институт болып табылады. Еуропа елдерінің жазаны өтеуді кейінге қалдыру жазасын өтеу барысында байқайтын ерекшелік болып, оларда егер, сотталған адам жаза өтеу барысында өзіне сотпен жүктелген міндеттемелерін бұзбаса, жазаны кейінге қалдыруды тиісті түрде өтеген болса, онда жазасын өтеу кейінге қалдырылған адамды алдағы уақытта сот толығымен жазаны өтеуден босата алған. Ал, егер де жазаны өтеу барысында міндеттемелерін орындамаса, керісінше жазасын өтеуге мекемеге жіберіледі. Біздің ойымызша шетелдік бұл нормалар жылдар бойы қолданыстағы тиімді жүйе болып табылады. Себебі, қоғамнан оқшауланбай жазасы өтеу кейінге қалдырылған адамға мүмкіндік

беріліп, осы мүмкіндікті сотталған адам қалай пайдаланатыны алдағы уақытта тікелей өзіне байланысты болады. Егер сотталған адам қателігін түсініп, берілген мүмкіндікті қолданып, жаза өтеу тәртібін сақтап, бұзбайтын болса, ол жазадан босатылады, ал егер, өзіне ой түйіп, жауапкершілігін сезінбей жаза өтеу шарттарын бұзса, жазаны өтеу кейінге қалдырудың күшін жойып, нақты жазасын өтеуге жіберіледі. Сондықтан әр адамның өміріне жауапкершілік өз мойнына жүкетеледі.

2 ЖАЗАНЫ ӨТЕУДІ KEЙІНГЕ ҚАЛДЫРУДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ЗАҢДЫ НЕГІЗДЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ

2.1 Жазаны өтеуді кейінге қалдыруды қолданудың құқықтық негіздері мен тәртібі

Заманауи қылмыстық заңнама екі тенденция бойынша сипатталады: қоғамға үлкен қауіптілік келтірмейтін қылмыстар жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықты жұмсарту, және түзелуді қаламайтын, қоғамдық-пайдалы еңбек жасағысы келмейтін ауыр қылмыс жасаған адамдарға жауаптылықты қатаңдату жатады. Заңшығарушы қылмысқа қарсы күресте қатаң шараларды қарастырады, егер де жағдайларға байланысты үкімді дереу орындау оған қатысты немесе оның отбасына қатысты ауыр зардаптар әкеп соғуы не болмаса оларды өте қиын жағдайда қалдыратын болса отырып, сонымен қатар сотталғанға қосымша азап шектіруді болдырмауға талпынады.

Әр өркениетті қоғамда болуы тиіс адамға деген қалыпты қарым-қатынас сотталған адамға қатысты да өз мағынасын жоғалтпауы керек. Осыған байланысты, негізгі себептер болған жағдайда, заң жазаны өтеуді кейінге қалдыру мүмкіндігін береді.

«Бала құқығы туралы» (1989 ж.) БҰҰ Конвенциясының ережелеріне сәйкес [31], бала туған сәтінен бастап мүмкіндігіне орай өзінің ата-анасын

білуге және олардың қамқорлығында болу құқығына ие (7 бап), сонымен қатар, өкілетті органдар сот шешіміне сәйкес қолданылатын заң және рәсімдер бойынша баланы ата-анасынан айыру баланың мүддесі үшін қажетті деп тапқан жағдайды қоспағанда, бала ата-анасымен бірге тұруға құқылы (9 бап).

Осыған ұқсас ережелер ұлттық заңнамада да орын алған, мысалы, Қазақстан Республикасының Конституциясы (27 бап) [32] отбасы, анасы, әкесі және баласы мемлекет қорғауында болады, ал, балаларға қамқорлық пен олардың тәрбиесі ата-анасының табиғи құқығы және міндеті болып табылады деп көрсетілген. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» [33]. Кодексінде бала туған сәтінен бастап мүмкіндігі барынша ата-анасын білуге және олардың қамқорлығында болуға, тек баланың мүддесіне қарсы келетін жағдайларды қоспағанда, отбасында өмір сүруге және тәрбиеленуге, сонымен қатар олармен бірге тұруға құқылы. Берілген заңның 70 бабына сәйкес ата-анасы өзінің баласын тәрбиелеуге құқылы және міндетті. Ата-ана өзінің баласын тәрбиелеуге басқа адамдарға қарағанда артықшылық құқыққа ие.

Заң шығарушының отбасында бала тәрбиесін жалпыадамзаттық құндылық ретінде түсінуі және олардың орындалуын қамтамасыз етудің әртүрлі тетіктерін, соның ішінде қылмыстық заңнаманы әзірлеуді қажет етті. Жоғарыда аталған ережелерді қылмыстық-құқықтық жүзеге асырудың бір жолы Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексіне де және Қылмыстық-атқару Кодексіне де (ҚР ҚК 74 бабы және ҚР ҚАК 163 бабы) жүкті әйелдерге жазаны өтеуін кейінге қалдыру туралы нормаларды тәжірибеде бекіту және жас балалары бар әйелдер мен жас балаларды жалғыз өзі тәрбиелеп отырған ер адамдар немесе жазаның қалған бөлігін өтеуді кейінге қалдыруды бекіту болып табылады [34, 35].

Заңнамада көзделген жазаны өтеуді кейінге қалдыру ең алдымен қандай да бір себептермен ата-анасы қылмыс жасаған балалардың мүдделері мен әлауқатының басымдылығы бағытталған. Мұндай жағдайда жүкті әйелді және жас

балалары бар әйелді жасаған қылмысы үшін жазалау және осы ата-аналардың тағдырын жеңілдетуге қамқорлық жасау арқылы заң ең алдымен туыстарының қамқорлығында қалуға мәжбүр болатын жас балаларды лайықсыз жазадан қорғайды, немесе, мысалы, олардың анасымен бір мекемеде ұсталудан және сол мекемеде дүниеге келуге мәжбүр болудан сақтайды. Өз кезегінде бұл жағдай баланың дамуына оң әсер етпейтіндігі анық.

Қолданыстағы жүкті әйелдерге және жас балалары бар әйелдерге, сондай-ақ жас балаларды жалғыз өзі тәрбиелеп отырған ер адамдарға жазаны өтеуін кейінге қалдыру институты ұлттық заңнамадағы салыстырмалы түрде жаңа институт болып табылады және сонымен бірге ол құрылған күннен бастап айтарлықтай өзгерістерге ұшарады.

Бұл ретте үкімнің орындалуын кейінге қалдыру аса қауіпті мемлекеттік қылмыс, бандитизм, қылмыстық топты немесе қылмыстық қоғамдастықты ұйымдастырған немесе басқарған және қылмыстық қоғамдастыққа қатысқан, ұрлық, тонау, алаяқтық және бөтеннің мүлкін иемдену немесе қызмет бабын асыра пайдалану арқылы ұрлау, тонау, қорқытып алу, қасақана кісі өлтіру, денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру, адамдар тобы жасаған қорлау немесе кәмелетке толмаған адамды зорлау, не аса ауыр зардаптарға әкеп соққан зорлық, жасөспірімді зорлау, ішкі істер органдары қызметкерінің, халықтық күрескердің, анықтаушы адамның, тергеушінің, прокурордың, судьяның немесе халық заседателінің өміріне қол сұғу құқық бұзушылығын жасағаны үшін сотталған адамдарға қолданылмаған.

Үкімді орындау кейінге қалдыру қолданылғанда сот сотталушыға, егер соттың ойынша оның түзелуіне ықпал етуі мүмкін деген міндеттерді жүктей алған, атап айтқанда: а) белгілі бір мерзімде келтірілген зардапты жою; б) жұмысқа немесе оқуға бару; в) белгілі бір жерлерге бармау; г) алкогольдік ішімдікке әуестігі барларға емдеу курсынан өтуге; д) ішкі істер органына хабарламай тұрғылықты жерінен кетпеуге; е) ішкі істер органының келісімінсіз тұрғылықты жерін өзгертпеуге, жұмыс немесе оқу орнының өзгергені туралы

осы органға хабарлау міндеті; ж) ішкі істер органына тіркеуге келіп тұру міндеті жүктелуі мүмкін.

Өзіне қатысты бас бостандығынан айыру түріндегі үкімнің орындалуы кейінге қалдырылған сотталушы өзіне сотпен жүктелген міндеттерді орындамаса немесе әкімшілік жаза қолдануға әкеп соққан қоғамдық тәртіпті немесе еңбек тәртібін бұзатын болса, тәртіптік немесе қоғамдық ықпал ету шаралары, содан кейін ішкі істер органының, аудандық, қалалық, қалалық халық депутаттары Кеңесі атқару комитеті жанындағы кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссияның немесе оған жүктелген еңбек ұжымының ұсынуы бойынша сотталушыны қадағалау және онымен тәрбие жұмысын жүргізу міндетін ала отырып, сот «сынақ мерзімі» аяқталғанға дейін жазамен тағайындалған бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындауды кейінге қалдырудың күшін жою туралы шешім қабылдай алған. Сотталған адам үкімнің орындалуы кейінге қалдыру мерзімінде жаңа қылмыс жасаған жағдайда, сот ҚазКСР-нің 1959 жылғы Қылмыстық кодексінің 38-бабында көзделген ережелер бойынша бұрын тағайындалған жазаны жаңа жазаға қосқан [11].

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы Қылмыстық Кодексінде заң шығарушы жазаны өтеуді кейінге қалдыру деген түсіндіріден бас тартты. Онда тек жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдерге жазаны өтеуді бір жылға дейін немесе бала сегіз жасқа толғанға дейін жазаны өтеуді кейінге қалдыру мүмкіндігін қарастыратын бап енгізілді (ҚР ҚК 72 бабы). Мұндай кейінге қалдыру мүмкіндігі Қазақстан Республикасының 1997 жылғы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 452-бабында да қарастырылған. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 72 бабы кез-келген жазаны өтеуді кейінге қалдыру мүмкіндігі қарастырылған. Тек адамға қарсы ауыр және аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған әйелдерге ғана ерекшелік жасалған. Бұл ретте ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 475-бабында жазаны өтеуін кейінге қалдыруды қолдануға болатын жазалардың тізбесі көрсетілген. Бұл жазалар

мыналарды қамтыған: а) қоғамдық жұмыстар; б) түзеу жұмыстары; в) бас бостандығын шектеу; г) қамаққа алу; д) бас бостандығынан айыру.

ҚР ҚК-нің 74 бабының 1 бөлігінің бірінші сөйлемінде «сотталған жүкті әйелдердің жазаны өтеуін сот бір жылға дейін кейінге қалдыруы мүмкін», деп көрсетілген [34] яғни бұл жерде сот кейінге қалдыруы «мүмкін» деп жазылған. Біздің ойымызша, берілген түсінікті нақтылау қажет, атап айтқанда, «сотталған жүкті әйелдерге қоғамдық жұмыстар және түзеу жұмыстары жазасы тағайындалатын болса, сот оларға қатысты міндетті түрде бір жылға дейін жазаны өтеуді кейінге қалдыруды қолдануы тиіс, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалатын болса, сот бір жылға дейін жазаны өтеуді кейінге қалдыруы мүмкін», себебі бұл жаза түріне сотталған жүкті әйелдер жүктілігіне байланысты берілген жаза түрін өтеуге мүмкіндіктері болмайды. ҚР Еңбек кодексінің 99 бабында (Жүктілікке және бала (балаларды) тууға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты демалыстар) [36] көрсетілгендей жүктілікке және босануға байланысты демалыс беріледі.

Әрі қарай жазаны өтеуін кейінге қалдыру институтын реттейтін нормаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген. Мәселен, мысалы, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 21 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының қылмыстық, қылмыстық-процестік және қылмыстық-атқару кодекстеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» [19] Заңы жүкті әйелдерге және жас балалары бар әйелдерге жазаны өтеуге кейінге қалдыруға құқық беретін баланың жасын сегіз жастан он төрт жасқа дейін ұлғайтылған (ҚР ҚК 72 бабы, ҚР ҚАК 171 бабы). 2009 жылғы 10 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жазаларды атқару және қылмыстық-атқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» [37] Қазақстан Республикасының Заңымен бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жатқан жас балалары бар әйелдер мен жүкті әйелдерге жазаны өтеуін кейінге қалдыру мерзімін бір жылдан бес жылға дейін ұзартты.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру және қылмыстық сот ісін жүргізудегі заңдылық кепілдіктерін күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» [20] Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 қаңтардағы Заңымен ҚР ҚК 72-бабына сотқа тек жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдерге ғана емес, сонымен қатар жас балаларын жалғыз тәрбиелеп отырған ер адамдарға қатысты жазаны өтеуін кейінге қалдыруды қолдануға құқық беретін нормамен толықтырылды. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы және құқық қорғауды жетілдіру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру туралы»[22] 2011 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңымен ҚПК-нің 452 бабына және ҚР ҚАК-нің 171 баптарына осы сияқты өзгерістер енгізілген.

Қазіргі уақытта ҚР 2014 жылғы ҚК сәйкес жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдердің, сондай-ақ жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған ерлердің жазасын өтеу мерзімін кейінге қалдыру, бір жағынан, жазаны уақытша орындамау (жазаны өтеуін кейінге қалдыру), белігілі бір жағдайларда сот тағайындайтын жаза, ал, екінші жағынан, жазаны одан әрі өтеуден босату түрлерінің бірі (жазаның өтелмеген бөлігін кейінге қалдыру) болып табылады.

Осылайша, ҚР ҚК-нің 77 бабының және ҚР ҚПК-нің 475 бабының нормасына сәйкес сот сотталған жүкті әйелдерге жазаны өтеуді бір жылға дейін кейінге қалдыруы мүмкін, ал жас балалары бар сотталған әйелдер мен жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған ер адамдар үшін сот жазаның орындалуын бес жылға дейін, бірақ бала 14 жасқа толғанға дейін кейінге қалдыруы мүмкін. Бұл ретте адамға қарсы ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған, террористік қылмыстар, экстремистік қылмыстар, қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыстар, көмелетке толмағандардың жыныстық қол сұғылмаушылықтарына қарсы қылмыстар үшін сотталған жүкті әйелдерге және

жас балалары бар әйелдерге, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған ер адамдарға жазаны өтеуін кейінге қалдыру қолданылмайды.

Жазаны өтеуден де, жазаның өтелмеген өтеуден де кейінге қалдырудың шарты болып, егер жас балалары бар әйел немесе жас балаларды жалғыз өзі тәрбиелеп отырған ер адам баласын тастап кетсе, не бала тәрбиелеуден жалтарса, немесе қоғамдық тәртіпті жүйелі түрде бұзса, сот жазаны өтеуді кейінге қалдырудың күшін жойып, сотталған адамды сот үкіміне сәйкес тағайындалған жазасын өтеу үшін жіберуі мүмкін.

Бас бостандығынан айыруға сотталғандарға қатысты жазаны өтеуді кейінге қалдыруды қолдану үшін мекеме әкімшілігі сотталған адамға жазаны орындауды кейінге қалдыру туралы арыз немесе оның өтінішхаты бойынша сотқа ұсыным жібереді. Оларға мыналар қоса беріледі: сотталғанның мінездемесі; сотталғанға жазаны өтеу кейінге қалдырылған соң болжамды тұрғылықты жері туралы деректер; пробация қызметі болжамды тұрғылықты жеріне, оның ішінде оның жұбайының тұрмыстық жағдайына сараптама жасау актісі, немесе сотталған адам мен баласын қабылдауға, оларды тұрғын үймен қамтамасыз етуге және тұрға қажетті жағдайлар жасауға келісім берген туыстары, жүктілігі туралы медициналық анықтама немесе баласының бар-жоғы туралы анықтама сондай-ақ сотталғанның жеке ісі (ҚР ҚАК 163 бабы 4 бөлігі).

ҚР ҚАК-нің 24 бабы 12 бөлігіне сәйкес жазаны өтеу кейінге қалдырылған сотталғандарға бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган пробация қызметі болып табылады, олар:

- сотталғандар есебін жүргізеді;
- өзіне қатысты жазаны өтеу кейінге қалдырылған адамның жазаны өтеуді кейінге қалдыру шарттарын сақтауын қадағалау мақсатында оның мінез-құлқын бақылайды;
- прокуратура органдарымен, жергілікті әскери басқару органдарымен, жергілікті атқарушы органдармен, соттармен және қоғамдық бірлестіктермен,

сотталғандар оқитын немесе жұмыс істейтін кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың әкімшілігімен өзара іс-қимыл жасайды.

Соттарға жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдердің, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектердің жазаны өтеуін кейінге қалдыру (ҚК-нің 74 бап) және ауыр мән-жайлардың тоғысуы салдарынан жазадан босату және жазаны өтеуді кейінге қалдыру туралы (ҚК-нің 76 бап) нормаларды біркелкі қолдану мақсатында әдістемелік ұсынымның жобасын әзірледік:

1. Жазаны өтеуді кейінге қалдыру институтыегерде қылмыстық атқару органы тарапынан қатаң бақылау болса және дұрыс қолданылған жағдайда бұл жаза сотталғандарды қоғамнан оқшауланбай, түзелуіне ықпал етеді. Жазаны өтеуді кейінге қалдыруды тағайындау соттың құқығы болып табылады.

2. ҚК-тің 74 бабына сәйкес жүкті әйелдерге және жас балалары бар әйелдерге, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге жазаны өтеуін кейінге қалдыруды ұсынуға негіздерге мыналар жатады:

- әйелдің өзіне қатысты сот үкім шығарғанға дейін де, жазасын өтеу кезінде де жүкті болған жағдайда;

-әйел сотталған кезде баласының (балаларының) болуы немесе жазасын өтеу кезінде бала босануы;

-еркектердің ажырасып жалғыз өзі баласын (балаларын) тәрбиелеуі.

ҚК-нің 76 бабында егер көрсетілген төтенше мән-жайлардың салдарынан сотталғанның отбасы үшін аса ауыр зардапқа әкеп соғуы мүмкін болса, төтенше жағдайлардың болуы сотталған адамға жазаны өтеуді кейінге қалдыруды ұсынуға негіз болып табылады.

3. Жазаны өтеуді кейінге қалдыруды сот тек жасалған әрекеттің сипаты менқоғамдық қауіптілік дәрежесін ескере отырып тағайындайды.

ҚК-тің 74 бабына сәйкес онша ауыр емес және ауырлығы орташа, берілген мерзіміне қарамастан бостандығын айыру тағайындалған жүкті

әйелдерге және он төрт жасқа дейінгі баласы бар әйелдерге және жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге жазаны өтеуді кейінге қалдыру қолданылады.

ҚК-тің 76 бабы теріс қылық немесе онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстары үшін бас бостандығын айыру жазасы тағайындалған сотталғандарға қолданылады. Қылмыс санатын анықтау кезінде ҚК-нің 11 бабының талаптарын қатаң басшылыққа алу керек.

4. Бұрын қасақана ауырлығы орташа, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасағаны үшін соттылығы бар адамдарға қатысты жазаны өтеуді кейінге қалдыруды сот қолданбағаны жөн. Рецидивтің болуы қоғамдық қауіптіліктің жоғары дәрежесін көрсетеді және ҚК-нің 54 бабына сәйкес қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырататын мән-жай болып табылады.

5. Сот қосымша жазаларға жазаны өтеуді кейінге қалдыруды тағайындамаған жөн. Сотталған адамға тағайындалған қосымша жаза үкім жазды күшіне енгеннен кейін нақты орындалуға жатады.

6. Жазаны өтеуді кейінге қалдыру туралы шешім қабылдаған кезде, сот сотталған адамға заңда көзделген, орындалуы оның түзелуіне барынша ықпал ете алатын міндеттерді жүктеу туралы мәселені қарастыруы тиіс.

7. Жүкті әйелдерге қатысты жазаны өтеуді кейінге қалдыру мерзімі бір жылды құрайды, бірақ соттың қалауы бойынша мерзім ұзартылуы мүмкін.

Жас балалары бар әйелдерге қатысты жазаны өтеуді кейінге қалдыру мерзімін сот істің мән-жайларын ескере отырып айқындайды, бірақ бұл ретте сотталған әйелдердің немесе жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектердің баласының жасы он төрт жасқа толғаннан аспауы керек. Егер екі және одан да көп баласы болса, сот жазаны өтеуді кейінге қалдыру мерзімін сотталғанның кіші баласы он төрт жасқа толғанға дейін ұзартуы мүмкін.

Төтенше жағдайлар салдарынан жазаны өтеуді кейінге қалдырудың ең ұзақ мерзімі бір жылды құрайды. Сот кейінге қалдыруға байланысты төтенше

жағдайлардың сипатын ескере отырып, кейінге қалдыруды бір жылдан аз мерзімге бере алады.

8. Жазаны өтеуді кейінге қалдыру туралы сот үкімі заңды күшіне енгеннен кейін оның көшірмесі сотталғанның тұрғылықты жері бойынша бақылауды жүзеге асыратын органға дереу жіберілуі тиіс.

9. Жазаны өтеуді кейінге қалдыруды тағайындалған адамға мінез-құлқын бақылауды қылмыстық-атқару органдары жүзеге асырады.

10. Егер тағайындалған мерзім ішінде ҚК-нің 74 бабына сәйкес сотталған адам өзіне жүктелген міндеттерді орындамаса, не бала тәрбиелеуден жалтаруды жалғастырса немесе бақылауды жүзеге асыратын органдары тарапынан екі мәрте жазбаша ескерту бергеннен кейін қоғамдық тәртіпті бұзуға жол берсе, онда сотталған адамның түзу жолына түскісі келмейтінін көрсетеді. Сотталған адамға жүктелген міндеттерді орындамау жағдайлары не қалыптасқан мән-жайлар кезінде өз отбасы мүшелеріне көмек көрсетуден жалтаруды жалғастырса немесе жүзеге асыратын органдары тарапынан екі мәрте жазбаша ескерту бергеннен кейін қоғамдық тәртіпті бұзуға жол берген жағдайларда жазаны өтеуді кейінге қалдырудың күшін жоюға әкеп соғуы мүмкін.

11. Жаза өтеу мерзімін кейінге қалдырудың күшін жою және өзіне жүктелген міндеттердің орындалмауына байланысты сотталған адамды жазаны өтеу үшін жіберу туралы ұсынысты қарай отырып, сот оларды орындаудың нақты мүмкіндігі бар-жоғын анықтауға тиіс. Егер дәлелді себептермен орындалмаса, жазаны өтеуді кейінге қалдырудың күшін жою туралы ұсынысты қанағаттандырылудан бас тартылуға тиіс.

12. Сот жазаны өтеуді кейінге қалдырудың күшін жою және сотталған адамды өзіне тағайындалған жазаны өтуге жіберу туралы шешім қабылдауға міндетті, егер ҚК-нің 74 бабының 1 бөлігінде көрсетілген сотталған адам баладан бас тартса, өзінің ата-ана құқықтарын жүйелі түрде теріс пайдаланса, балаға қатыгездікпен қараса, заңнамада белгіленген

тәртіппен алкогольизммен нашақорлықпен ауырады дептанылса немесе заңнамада белгіленген тәртіппен ата-ана құқықтарынан айырылса, егер сотталған баласын тастап, оның мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыратын органнан жасырған жағдайларда, жазаны өтеуді кейінге қалдырудың күшін жоюға тиіс. Осылайша ҚК-нің 74 бабының 1 бөлігінде көрсетілген сотталған адам өз отбасына қандай да бір көмек көрсетуден бас тартса немесе бақылауды жүзеге асыратын органнан жасырынған жағдайда сот жазаны өтеуді кейінге қалдырудың күшін жою туралы шешімге келуі тиіс.

13. Жазаны өтеуді кейінге қалдыру мерзімі өткеннен кейін ҚК-нің 74 бабында көзделген барлық негіздер яғни: балаға тиісті күтім жасау, тәрбиелеу және сол сияқтылар болған кезде сот сотталғанды жазасынан өтеуден босатуға міндетті. Жазаны өтеуді кейінге қалдыру кезінде барлық міндеттерін толық көлемде сақтаған, бірақ кейінге қалдыру кезінде сотталғандарға қатысты мәселе де осылай шешілуге тиіс:

- анасына тәуелсіз мән-жайлар (жазатайым оқиға, ауыр сырқат) бойынша бала қайтыс болса;
- жүктілік сотталғанның еркінен тыс туындаған мән-жайлар (медициналық көрсетілім) бойынша жазаны өтеуді кейінге қалдыру кезеңінде үзілсе немесе өздігінен түсік тастау орын алса, не бала дененің физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты өлі туылса.

Егер жоғарыда аталған жағдайлар болған кезде сотталған қоғамдық тәртіпті бұзуға жол берсе немесе бала қайтыс болғанға дейін ана міндеттерін адал атқармаса, онда сот тағайындалған жазаны неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру туралы немесе сотталғанды тиісті мекемеге жіберу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Егер сотталған жазаны өтеуді кейінге қалдыру шарттарын ең болмағанда бір рет бұзуға жол берсе (жазсыз мінез-құлық, бала тәрбиелеуден жалтарса) және оған қатысты жазбаша ескертулер болса, онда жазаны кейінге қалдыру мерзімі аяқталғаннан кейін сот мұны ескере отырып, өз қалауы

бойынша мынандай шешімдердің бірін қабылдай алады: сотталғанды жазаны өтеуден босату немесе өзіне тағайындалған жазаны неғұрлым жеңіл түрге ауыстыру.

Жазаны өтеуді кейінге қалдыру кезінде төмендегі жағдайлар анықталса:

- жүктілік әйелдің қалауы бойынша жасанды жолмен тоқтатылса (түсік жасау) немесе бала анасының кінәсінен қайтыс болса;

- баланың қайтыс болуы әйелдің тікелей аналық міндеттерін орындауға деген адал емес көзқарасына байланысты болса (асқынған аурулары, дұрыс тамақтанбау, балаға қатысты физикалық зорлық-зомбылық). Яғни, болған жағдайлар сотталғанның өзінің тікелей міндеттерін қасақана орындамауы анықталса. Осындай мән-жайлар болған кезде сот жазаны өтеуді кейінге қалдырудың күшін жоюға және сотталғанды сот үкімі бойынша оған тағайындалған жазаны нақты өтеу үшін тиісті мекемеге жіберуге міндетті.

14. Сотталғанға жазаны өтеуін кейінге қалдырылған кезеңде жаңа қылмыс жасаған жағдайларда, ҚК-нің 60 бабындағы көзделген қағидалар қолданылады, яғни сот жаңа қылмыс үшін тағайындалған жазаға бұрынғы үкім бойынша жазаның өтелмеген бөлігін қосады. Сотталғанға жаңадан жасалған қылмыс үшін үкім шығарылғаннан кейін жазаны өтеуді кейінге қалдыруды сақтау мүмкіндігін немесе мүмкін еместігі туралы мәселені шешу кезінде сот кінәсінің нысанын және жазаны өтеуді кейінге қалдыру кезеңінде жасалған жаңа қылмыстың санатын ескеру қажет. Сотталған жазаны өтеуді кейінге қалдыру мерзімі ішінде абайсызда не онша ауыр емес қасақана қылмыс жасаған жағдайларда, сот жазаны өтеуді кейінге қалдырудың күшін жою немесе оны сақтау туралы мәселені шешуге құқылы. Сотталған жазаны өтеуді кейінге қалдыру кезінде қасақана ауырлығы орташа қылмысты, ауыр немесе аса ауыр қылмысты жасаған жағдайларда сот жазаны өтеуді кейінге қалдырудың күшін жоюға міндетті.


ҚК-нің 74 бабының 4 бөлігіне сәйкес, сотталған жазаны өтеуді кейінге қалдыру мерзімі ішінде жаңа қылмыс жасаған жағдайларда сот жазаны өтеуді кейінге қалдырудың күшін жоюға міндетті [34].

2.2. Жазаны өтеуді кейінге қалдыруды қолданудың пенитенциарлық аспектілері


2010-2020 жылдарға арналған ҚР-ның құқықтық саясат тұжырымдамасының 2.10 тармағында «соттармен бас бостандығынан айыру жазасына балама жазаларды белсенді түрде қолдану үшін бұл жазалардың тиімді орындалуын жоғарылатуға ұмтылу қажет және оған қол жеткізу үшін аталған шараларды атқаруға жауапты тиісті мамандандырылған органның институционалдық дамуы қажет етіледі» [38] делінген.

ҚК-нің 39-бабының 2-бөлігіне сәйкес «жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру мақсатында қолданылады, сондай-ақ сотталған адамның түзелуі және жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаудың алдын алу үшін сотталғандарға, сондай-ақ басқа да адамдарға қолданылады. Жазаның мақсаты физикалық азап келтіру немесе адамның қадір-қасиетін қорлау болып табылмайды» делінген [34].

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы бойынша 2019 жылы - 66774 сотталған, 2020 жылы - 66343 сотталған, 2021 жылы - 67295 сотталған пробацция қызметінің есебінен өткен. Олардың ішінде жазаны өтеуді кейінге қалдыру яғни ҚР ҚК-нің 74 бабы бойынша 2019 жылы - 927 сотталған, 2020 жылы - 907 сотталған, 2021 жылы - 918 сотталғанға тағайындалған [39].



Бұл сотталғандардың ішінде 2019 жылы 12 сотталған оның ішінде 8 сотталған қайта қылмыс үшін, 2020 жылы 11 сотталған оның ішінде 2 сотталған қайта қылмыс үшін 2021 жылы 12 сотталған оның ішінде 4 сотталған қайта қылмыс үшін мекемеге жіберілген [39]. Бұл көрсеткіш арқылы жыл сайын жазаны өтеуді кейінге қалдыру бойынша сотталғандар адамдармен қайта қылмыс жасау фактісі азайып келе жатқанын байқауға болады.



ҚР ҚАК-нің 163 бабына сәйкес бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқан жүкті әйелдерге және жас балалары бар әйелдерге, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған ер адамдарға жазаны өтеуді бес жылға дейін, бірақ бала 14 жасқа толғанға дейін мерзімге кейінге қалдыру белгіленуі мүмкін. Сонымен қатар, бұл жаза түрі жеке адамға қарсы ауыр және аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін бес жылдан астам мерзімге сотталған адамдарға қатысты қолданылмайды.

Жазаны өтеуін кейінге қалдырылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру үшін заңды күшіне енген үкім, шешім немесе қаулы негіз болып табылады. ҚР ҚАК-нің 163 бабына сәйкес, бас бостандығын айыру түріндегі жазасын өтеп жатқан жүкті әйелдерге және жас балалары бар әйелдерге, сондай-ақ жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған ер адамдарға қатысты жазасын өтеуін кейінге қалдырылғандығы туралы сот қаулысын алған мекеме әкімшілігі оны қамаудан босатады және бес жұмыс күні ішінде тұрғылықты жері бойынша пробация қызметіне келу туралы қолхат алады. Сотталған адам тұрғылықты жеріне бюджет қаражаты есебінен өз бетінше барады. Мекеме әкімшілігі сотталғанның тұрғылықты жері бойынша пробация қызметіне босатылған күні жазылған жазаны өтеу кейінге қалдырылған туралы сот қаулысының көшірмесін жібереді.

Жазаны өтеу кейінге қалдырылған адамдар есепке тұру үшін пробация қызметіне келуге міндетті болып табылады. Пробация қызметі сотталған келгеннен кейін оны үш жұмыс күні ішінде есепке алады және әрі қарай оның тәртібіне бақылауды жүзеге асырады. Мекемелерден келген сотталғандарға қатысты оларды сипаттайтын материалдар босатылған жері бойынша сұратылады. Сотталған босатылған күннен бастап екі апта ішінде келмеген жағдайда, пробация қызметі бастапқы іздестіру шараларын жүргізеді, ал егер сотталғанның тұрған жері анықталмаса, сотқа оған іздестіру жариялау және бұлтартпау шарасын тағайындау туралы ұсыным жолдайды.

Жазаны өтеу кейінге қалдырылған адамды есепке қою кезінде пробация қызметі онымен сұхбат жүргізеді, сұхбат барысында оған жазаны өтеуді кейінге қалдырудың тәртібі мен шарттары, оларды орындамаудың салдары мен жауапкершілігі түсіндіріледі. Қоғамдық тәртіпті бұзғандығы үшін, жаңа құқық бұзушылықтар жасағаны үшін, сондай-ақ баланы тәрбиелеуден және оған күтім жасаудан жалтарғаны үшін, оның анкеталық деректері, жақын туыстары және оған ықпал етуі мүмкін адамдар туралы мәліметтер, сондай-ақ сотталған адамның мінез-құлқын бақылау үшін маңызды болып табылатын басқа да сұрақтар анықталады.

Жазаны өтеу кейінге қалдырылған адамды есепке қою кезінде оның тұрғылықты жері бойынша қорғаншылық және қамқоршылық органдары баланы тәрбиелеуге және оған қамқорлық жасауға бақылауды қамтамасыз етуде өзара іс-қимыл жасау мақсатында хабарланады. Жазаны өтеуді кейінге қалдыру қолданылған адам тұрақты жұмысына немесе жаңа жұмыс орнына орналасқан жағдайда пробация қызметі жұмыс орны бойынша ұйымның әкімшілігіне хабарлама жібереді.

Сотталғандардың жазаны өтеуді кейінге қалдыру шартын сақтауын, сондай-ақ олардың тарапынан бала тәрбиелеу және оны күту жөніндегі міндеттерді орындаудан жалтару, қоғамдық тәртіпті бұзу және құқық бұзушылық жағдайларының алдын алу және жолын кесу мақсатында пробация қызметі:

- тоқсан сайын қорғаншылық және қамқоршылық органдарының өкілдерімен бірлесіп, оларға қатысты жазаны өтеу кейінге қалдырылған адамдардың тұрғын үй-жайына тексеру жүргізеді, ол туралы төрт данада акт жасалады, оның бір данасы сотталғанның бақылау ісіне тігіледі;

- сотталғандардың мінез-құлқын, олардың өмір салтын және бала тәрбиесіне көзқарасын қадағалауға байланысты басқа да іс-шараларды жүзеге асырады.

Сотталғандардың тұрғылықты жері бойынша баланы тәрбиелеуден және оған күтім жасаудан жалтару фактілері анықталған жағдайда, қажетті мәліметтер жинақталып, тиісті шаралар қолдану үшін ІО кәмелетке толмағандар істері жөніндегі бөліміне жолданады. Материалдардың көшірмелерін бақылау ісіне қосады.

Жазаны өтеуді кейінге қалдыру мерзімі өткеннен кейін немесе бала қайтыс болған немесе жүктілігі тоқтатылған жағдайларда сотталушының тұрғылықты жері бойынша пробация қызметі мінез-құлқын ескере отырып, сотқа жазаның қалған бөлігін өтеуден босату немесе оны мекемеге жіберу туралы ұсыным жібереді. Ұсынымда сотталғанның жазаны өтеуді кейінге қалдыру кезеңіндегі жеке басын, мінез-құлқын және баланы тәрбиелеуге қатынасын сипаттайтын деректер көрсетіледі, сот актісімен тағайындалған жазаның өтелген және өтелмеген мерзімі көрсетіледі. Ұсынымға қосымша жұмыс орнынан мінездеме және басқа да құжаттар қоса беріледі.

Жазаны өтеуді кейінге қалдыру шарттары бұзылған жағдайда, пробация қызметі өзіне қатысты жазаны өтеу кейінге қалдырылған сотталғанды шақырады, ал ол келмеген жағдайда тұрғылықты жері бойынша барады, одан құқық бұзушылықтың себептері туралы түсініктеме алып, профилактикалық сұхбат жүргізіп жазбаша ескерту жариялайды.

Өзіне қатысты жазаны өтеуді кейінге қалдырылған адамдардың жазаны өтеудің шарттарын сақтамауы болып табылатын жағдайларға:

- әкімшілік жаза қолдануға немесе тәртіптік жаза қолдануға әкеп соққан қоғамдық тәртіпті бұзу;
- бала тәрбиесінен, оны бағып-қағудан қашу;
- мекемеден босатылғаннан кейін есепке тұру үшін екі апта ішінде келмеу;
- пробация тарапынан бақылаудан жалтару.

Өзіне қатысты жазаны өтеу кейінге қалдырылған адам бала тәрбиесінен жалтарған деп танылады, егер ол:

а) баладан ресми түрде бас тартпай, оны перзентханаға қалдырып кетсе немесе балалар үйіне берсе;

б) қоғамға қайшы өмір салтын ұстанып, және бала тәрбиесімен, оған қамқорлықпен айналыспаса;

в) баланы туыстарына немесе басқа адамдарға қалдырып кетсе;

г) бала тәрбиелеуден жалтарғанын көрсететін басқа әрекеттер жасаса.

Сотталғандардың тұрғылықты жері бойынша теріс мінезделетін болса, баланы тәрбиелеуден жалтару фактілері анықталған кезде пробация қызметі қажетті мәліметтерді жинап және материалдардың көшірмелерін ПО кәмелетке толмағандар істері жөніндегі бөліміне жолдап, материалдар көшірмесін бақылау ісіне қосады.

Өзіне қатысты жазаны өтеу кейінге қалдырылған адам баладан бас тартқан немесе хабар-ошарсыз кеткен не баланы тәрбиелеуден жалтаруды жалғастырған не қоғамдық тәртіпті бұзған жағдайда, пробация қызметі сотқа жазаны өтеуді кейінге қалдырудың күшін жою және бұл адамды сот үкімімен тағайындалған жазаны өтеуге жіберу туралы ұсыным береді. Ұсынымға жазаны өтеу кейінге қалдыру туралы сот қаулысының көшірмесі және сотталғанның баланы тәрбиелеуден және оны күтіп-бағудан жалтарғанын көрсететін материалдар, жұмыс және тұрғылықты жері бойынша мінездемелер, басқа да құжаттар қоса беріледі.

Егер өзіне қатысты жазаны өтеу кейінге қалдырылған адам пробация қызметінің бақылауынан жасырынса, ал оның тұрған жерін анықтау үшін және пробациялық бақылаудан жалтару себептерін анықтау бойынша бастапқы ідестіру шараларын жүргізіп сотқа оны іздеу жариялау туралы ұсыным жолдайды [40].

Кейбір шет елдік қылмыстық кодекстерінде нақтырақ айтатын болсақ Беларусь мемлекетінің заңнамасында нақты (77 бап) жазаны өтеуді кейінге қалдырылған сотталғандарға нақты міндеттер жүктеледі. Ал біздің ҚАК-нің 163-бабында (Жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдерге, жас балаларын

жалғыз өзі тәрбиелейтін ерлерге жазаны орындауды кейінге қалдыру), 164-бабында (Жазаны орындауды кейінге қалдыру шарттарын сақтамау салдарлары) сотталғандарға қатысты міндеттер көрсетілмеген. Үкімді орындау кезінде ол үлкен қиындықтар туғызады.

Біздің ойымызша, жоғарыда аталған қиындықты шешу үшін қолданыстағы ҚР ҚАК-нің 163 бабына «9-1» бөлігімен толықтырып, ондақты міндеттер жүктеген жөн деп санаймыз.

Жазаны өтеуді кейінге қалдыруды қолданған адам міндетті:

- 1) өзі есебінде тұрған ішкі істер органына айына кемінде бір рет өзінің мінез-құлқы туралы есеп беру үшін келіп тұруға;
- 2) ішкі істер органдары айқындаған уақытта тұрғылықты жерін тастап кетпеуге;
- 3) ішкі істер органдарының жазбаша рұқсатынсыз басқа жерлерге шықпауға;
- 4) негізгі жазаны толық өтегенге дейін Қазақстан Республикасының аумағынан кетпеу міндеті.

Оған мысал келтіретін болсақ, 2016 жылы Нұр-Сұлтан қаласы Алматы аудандық қылмыстық сотымен ҚР ҚК-нің 190 бабымен сотталған А. 3 жыл бас бостандығын айыру жазасы тағайындалған. ҚК-нің 74 бабы қолданылып, оған жазаны өтеуді кейінге қалдырылған. Жазаны өтеу кезінде сотталғанның 11 жастағы баласы Қарағанды қаласында интернатта білім алады. Бұл кезде сотталған А. өзінің баласымен тікелей тәрбиелік жұмыстарын өткізбейді. Себебі іс жүзінде екеуі екі бөлек қалада тұрады[41].

ҚР ҚК -нің 74-бабаның 1 бөлігінде (Жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдердің, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектердің жазаны өтеуін кейінге қалдыру) «Жеке адамға қарсы ауыр немесе аса ауыр қылмыстар, террористік қылмыстар, экстремистік қылмыстар, қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыстар, жас балаларға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар үшін бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан

айыруға сотталған жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдердің, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектердің жазаны өтеуі кейінге қалдырылмайды»[34] деп нақты көрсетілген, ал ҚАК-нің 163 бабының 2 бөлігінде (Жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдерге, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелейтін ерлерге жазаны орындауды кейінге қалдыру) «Жазаны орындауды кейінге қалдыру жеке басқа қарсы ауыр және аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін бес жылдан астам мерзімге сотталған адамдарға қолданылмайды» [35] деп толық көрсетілмеген. Сол себептен ҚАК-нің 163 бабы 2 бөлігін ҚК-нің 74 бабын 1 бөлігін басшылыққа алып сәйкестендіру керек.

Мысалы, 2018 жылы ОҚО кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың үкімімен өз баласын ұрып соққаны үшін ҚР ҚК-нің 106 баптың 2 бөлігімен 5 жыл бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған, ҚР ҚК-нің 74 бабына сәйкес жалғыз басты ана болғандықтан сот оған жазаны өтеуді кейінге қалдырған. Яғни, сотталған өз баласын ұрып-соққаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылып отыр, алайда сот сотталушыға сол бала өскенше жазасын өтеуін кейінге қалдыруды қолданған. Осындай сында мәселелер заңнамалық тұрғыдан шешімін таппаған проблемалық сұрақтар болып табылады [41].

Бөлімді қорытындылайтын болсақ, біздің ойымызша, келтірілген деректер, статистикалық мәліметтер бойынша жазаны өтеу кейінге қалдыру институты Қазақстан Республикасында салыстырмалы түрде қарағанда енді дамып келе жатқан институт болып табылады. Бұл жаза түрін тиімді және оңтайлы орындау үшін пробация қызметінің маңызы зор. Оның себебі, тікелей бұл жаза тағайындалған адамдарға бақылауды жүзеге асыратын бірден-бір орган пробация қызметі болып табылады. Берілген магистрлік жобада осы қызметкерлердің жұмысын оңтайландыру мақсатында, әдістемелік нұсқаулық жасалды, бірқатар проблемалық сұрақтарды шешу үшін заңнамаға енгізуге қажетті ұсынымдар берілді. Жазаны өтеуді кейінге қалдыру жаза

басқанын түсіне білген сотталған адамдар үшін зор мүмкіндік, себебі бұл жаза сотталған адамды қоғамнан оқшауламай, өздеріне өте қымбат балаларынан ажырамай жазасын өтеуге мүмкіндік алады. Баласының тәрбиесіне, оның өсіп-жетілуіне көңіл бөе отырып, бір мезгілде жазасын атқарады. Кейінге қалдыру мерзімі барысында сотталған адам ешқандай құқық бұзушылыққа жол бермесе, жасаған қылмысымен келітірілген залалды қалпына келтірсе, тіпті сотпен тағайындалған жазадан босатылуы да мүмкін. Жоғарыда айтқанымыздай, жазасын өтеу кейінге қалдырылған адамның болашақ өмірі, қоғамға қайта оралуы, түзелу жолына түсуі ең алдымен тікелей сотталғанның өзінің қолында болады. Жасаған іс-әрекетінен сабақ алған сотталғандар зор мүмкіндікке ие. Пробация қызметі өз кезегінде жазасы кейінге қалдырылған сотталғандардың тәртібіне, балаларына қатысты тәрбиесіне, оларға тиісті деңгейде берілуі қажет жағдайға бақылау жасайды. Себебі, жазаны өтеуді кейінге қалдыруды тағайындаудың алғышарты болып, сотталғандардың жас балаларының болуы және балаларын ата-атанасынан айырмау жатады. Сондықтан, жазаны өтеу кейінге қалдырылған сотталғандардың басты міндеті балаларына жақсы тәрбие беріп, оларға қамқорлықты жүзеге асыру. Қазақта «Ел болам десең – бесігіңді түзе» деген жақсы мақал бар, бұл мақалдың астарын түсінген адамға баланың қоғамдағы, отбасындағы құндылығы айтпаса да анық көрініп тұр.

Қорытынды

ҚР қолданыстағы заңнамасы сотталған адамды қоғамнан оқшаулауды көздемейтін жазалардан басқа, оны тағайындау процесінде де, оны өтеу кезеңінде де жазаны өтеуден босатуға мүмкіндік беретін басқа да қылмыстық-құқықтық нормаларды қамтиды. Осындай нормалардың бірі ҚК-нің 74 бабында көзделген жазаны өтеуді кейінге қалдыру болып табылады.

Жазаны өтеуді кейінге қалдыру сөзсіз жазаны өтеуден босататын қылмыстық-құқықтық норма түрлерінің бірі алайда уақытша болып табылады. Өйткені заңда көрсетілген бірқатар жағдайларда сотталғанның үстінен оның күшін жою және сот үкіміне сәйкес тағайындалған жерге жазаны өтеу үшін жіберу қаупі төніп тұрады. Сотталғандардың осы санаты үшін жазадан мерзімінен бұрын шартты түрде босату заңнамада көзделмеген.

ҚР қолданыстағы қылмыстық заңнамасында қарастырылған жазаны өтеуді кейінге қалдыру институтының теориялық және практикалық ұсыныстарды қалыптастыруға мүмкіндік берді. Бас бостандығынан айыру сияқты жазаны тағайындау және өтеуді кезінде жазаны кейінге қалдыруды қолдану орынды болып көрінеді, өйткені дәл осы жаза сотталушының қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз етеді. Яғни ол жүктіліктің қалыпты өтуіне немесе сотталған балатәрбилеу және күту жөніндегі міндеттерін тиісінше орындауына кедергі келтіреді.

Зерттеу негізінде болашақта жазаны өтеуді кейінге қалдыру туралы нормаларды біршама өзгертуі керек деген қорытындыға келдік. Сол себептен өзгерту енгізу туралы бірнеше ұсынымдарды әзірленді. Солардың бірі сотталған жүкті әйелдерге сот жаза тағайындап жатқан кезде жұмысқа жарамсыз жағдайына мән беріп, сонымен қатар ҚР Еңбек кодексін басшылыққа алып, жүкті әйелдерді жұмысқа тарту туралы шешім қабылдағанда, сот жазаны өтеуді кейінге қалдыруды тағайындауға міндеттелу керек. Сондықтан да жоғарыда баяндалғанның негізінде ҚК-нің 74 бабы 1 бөлігіне мынандай өзгерістер енгізу

туралы ұсныстар ұсынылады, яғни «сотталған жүкті әйелдерге қоғамдық жұмыс, түзеу жұмыстары жазасы тағайындалатын болса, сот бір жылға дейін жазаны өтеуді кейінге қалдыруға міндетті, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалатын болса, сот бір жылға дейін жазаны өтеуді кейінге қалдыруы мүмкін».

Диссертациялық жобада ҚАК-не де өзгерістер енгізу керек екені туралы атап өттік. Себебі жазаны өтеуді кейінге қалдыруды тағайындаған кезде сотталғанға нақты міндеттер (Норвегия және Беларусь мемлекеттерінің заңнамасында сотталғандарға нақты міндеттер қойылған) қарастырылмаған. Ол үкімді орындау кезінде біршама қиыншылықтар туғызады. Нақтырақ айтсақ ҚАК-нің 163,164-баптарында сотталғандарға қатысты міндеттер көрсетілмеген. Сол себептен ҚР ҚАК-нің 163 бабы 9-1 бөлігін қосып сотталғандарға нақты міндеттер жүкетеген жөн деп санаймыз.

«Жазаны өтеуді кейінге қалдыруды қолданған сотталған міндетті:

- 1) өзі есебінде тұрған ішкі істер органына айына кемінде бір рет өзінің мінез-құлқы туралы есеп беру үшін келіп тұруға;
- 2) ішкі істер органдары айқындаған уақытта тұрғылықты жерін тастап кетпеуге;
- 3) ішкі істер органдарының жазбаша рұқсатынсыз басқа жерлерге шықпауға;
- 4) негізгі жазаны толық өтегенге дейін Қазақстан Республикасының аумағынан кетпеуге».

Сотталғандарға міндеттер қою арқылы кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғауға мүмкіндік береді деген ойдамыз, себебі сотталған белгілі бір уақытта уйде баласының тәрбиесімен айналысуға мүмкіншілік береді. Осылайша сотталғандар өздеріне жүктелген міндеттерді орындай отырып, бақылауда жүргендерін ескеріп, қайта қылмыстық құқық бұзушылық жасаудың алдын алады. Жоғарыда көрсетілген міндеттерді

орындамаған жағдайда сотталғанға бақылауды жүргізетін органның тарапынан жазбаша ескерту берілетінін ескеру керек.

ҚК -нің 74-бабаның 1 бөлігінде «Жеке адамға қарсы ауыр немесе аса ауыр қылмыстар, террористік қылмыстар, экстремистік қылмыстар, қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыстар, жас балаларға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар үшін бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдердің, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектердің жазаны өтеуі кейінге қалдырылмайды» деп нақты кімдерге жазаны өтеуді кейінге қалдыруды қолданбайтыны көрсетілген, ал ҚАК-нің 163 бабының 2 бөлігінде «Жазаны орындауды кейінге қалдыру жеке басқа қарсы ауыр және аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін бес жылдан астам мерзімге сотталған адамдарға қолданылмайды» деп көрсетілген. Мұндай тұжырымдамадан кейін тек жеке басқа қарсы қылмыстар жасаған сотталғандарға жазаны өтеуді кейінге қалдыруды қолданылмайды деген ой-пікірлер келеді. Сондықтан да біздің ойымызша ҚАК-нің 163 бабы 2 бөлігін толықтырып, ҚК-74 бабы 1 бөлігін басшылыққа алып сәйкестендіру жасау керек. Осыны басшылыққа ала отырып ҚАК-нің 163 бабы 2 бөлігін мынандай редакциямен жасылсын: «Жеке адамға қарсы ауыр немесе аса ауыр қылмыстар, террористік қылмыстар, экстремистік қылмыстар, қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыстар, жас балаларға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар үшін бес жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдердің, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектердің жазаны өтеуі кейінге қалдырылмайды».

Диссертациялық жобада жазаны өтеуді кейінге қалдыру туралы нормаларды дұрыс түсіндіру үшін және қолдану мақсатында «соттарға жазаны өтеуді кейінге қалдыру» әдістемелік ұсынымның жобасын әзірледік. Диссертациялық жобада қамтылған жазаны өтеуді кейінге қалдыру туралы

нормаларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар қабылданған жағдайда, әзірленген әдістемелі ұсынымда түсіндірген жөн.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

1. Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР 2021 жылғы 15 қазандағы №674 Жарлығы.[Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674> (дата обращения: 27.03.2022).
2. Миняева Т. Ф. Нормы об отсрочке исполнения приговора в истории советского законодательства // Вестник МГУ. — 1998. — №1. — С. 57-58.
3. Кляшторный С. Г., Султанов Т. И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. — Алма-Ата: «Рауан», 1992. — 374 с.
4. Левшин А. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. Часть третья. Этнографические известия. — СПб., 1832. — 270 с.
5. Материалы по казахскому обычному праву: Научно-популярное издание. / Сост.: Т.М. Культелеев, М.Г. Масевич, Г.Б. Шакаев. – Алматы: Жалын, 1998. – 464 с.
6. Положение о полковых судах от 10 июля 1919 г. // СУ РСФСР. — 1919. — № № 31-32. — Ст. 326.
7. Уголовно-процессуальный кодекс РСФСР 1922 г. — М., 1922. — 124 с.
8. Уголовно-процессуальный кодекс РСФСР 1923 г. — М., 1923. — 158 с.
9. Ведомости Верховного Совета СССР. — 1942. — № 8. — 57 с.
10. Миняева Т. Ф. Аксиологическая характеристика правовых норм об отсрочке исполнения приговора осужденному // Уголовно-правовые меры борьбы с преступностью в условиях перестройки / Отв. ред. И. Я. Козаченко. — Свердловск: СВЮИ, 1990. — С. 156-162.
11. Уголовный кодекс Казахской Советской Социалистической Республики. — Алма-Ата: Казгосиздат, 1962. — 213 с.
12. Указ Президиума Верховного Совета СССР «О дополнении основ уголовного законодательства Союза ССР и союзных республик статьей 39¹» от

15 февраля 1977 г. // Ведомости Верховного Совета СССР. — 1977. — № 8. — С. 135-138.

13. Указ Президиума Верховного Совета Казахской ССР «О внесении изменений и дополнений в Уголовный кодекс КазССР» от 11 марта 1977 г. // Ведомости Верховного Совета КазССР. — 1977. — № 11. — С. 119-125.

14. Указ Президиума Верховного Совета СССР «О дальнейшем совершенствовании уголовного и исправительно-трудового законодательства» от 26 июля 1982 г. // Ведомости Верховного Совета СССР. — 1982. — № 30. — С. 568-574.

15. Постановление Пленума Верховного Суда «О судебной практике по применению отсрочки исполнения приговора» от 21 июня 1985 г. // Бюллетень Верховного Суда СССР. — 1985. — № 4. — С. 14-18.

16. Закон РФ «О внесении изменений и дополнений в Уголовный кодекс РСФСР, Исправительно-трудовой кодекс РСФСР и Уголовно-процессуальный кодекс РСФСР» от 12 июня 1992 г. // Ведомости Съезда народных депутатов Российской Федерации и Верховного Совета Российской Федерации. — 1992. — № 29. — С. 65-69.

17. Балтабаев К.Ж. Проблемы применения альтернативы лишению свободы в Республике Казахстан // Конституционные основы уголовного права: Мат-лы I Всероссийского конгресса по уголовному праву, посвященного 10-летию Уголовного кодекса Российской Федерации. — М., 2006. — С. 40-43.

18. Сборник стандартов и норм Организации Объединенных Наций в области предупреждения преступности и уголовного правосудия. — Нью-Йорк, 1992. — 334 с.

19. «Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Қылмыстық-атқару кодекстеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2002 жылғы 21 желтоқсандағы № 363-ІІЗаңы. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000363>. (дата обращения: 27.03.2022).

20. Қазақстан Республикасының «кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру және қылмыстық процестегі заңдылықтың кепілдіктерін күшейту мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 18 қаңтардағы № 393-IV Заңы. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000393>. (дата обращения: 27.03.2022).
21. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>. (дата обращения: 27.03.2022)
22. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін жетілдіру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 9 қарашадағы № 490-IV Заңы. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000490/history>. (дата обращения: 27.03.2022).
23. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ұйымдасқан қылмысқа, террористік және экстремистік қызметке қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2011 жылғы 29 қарашадағы № 502-IV Заңы. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000502>. (дата обращения: 27.03.2022).
24. Гета М. Р. Пробация и ее перспективы в уголовном праве Республики Казахстан: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. — Томск, 2000. — 22 с.
25. Уголовное право зарубежных государств. Общая часть / Под ред. и с предисл. И. Д. Козочкина. — М.: Институт международного права и экономики им. А. С. Грибоедова, 2001. — 350 с.
26. Уголовное право зарубежных государств: Учеб. пос. / Под ред. А. А. Малиновского. — М., 1998. — 128 с.
27. Уголовный кодекс Голландии / Науч. ред. Б. В. Волженкин: пер. с англ. И. В. Мироновой: 2-е изд. — СПб.: Издательство «Юридический центр Пресс», 2001. — 510 с.

28. Уголовный кодекс Швейцарии: перевод с нем. А. В. Серебrenиковой. — М.: Издательство «Зеркало», 2000. — 138 с.
29. Уголовный кодекс ФРГ: перевод с нем. — М., 2000. — 208 с.
30. Уголовный кодекс Испании / Под ред. Н. Ф. Кузнецовой и Ф. М. Решетникова. — М.: Изд-во ЗЕРЦАЛО, 1998. — 218 с.
31. Бала құқығы туралы конвенция Нью-Йорк 20 қараша 1989 жыл <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/B940001400> [Электронный ресурс]. — Режим доступа: . (дата обращения: 27.03.2022).
32. ҚР Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыздағы [Электронный ресурс] — Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000> (дата обращения: 27.03.2022).
33. ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы 26.12.2011 ж. №518-IV. [Электронный ресурс] — Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518> (дата обращения: 27.03.2022).
34. ҚР Қылмыстық Кодексі 03.07.2014 ж. №226-V. [Электронный ресурс] — Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (дата обращения: 27.03.2022).
35. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі №231-V. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000234>. (дата обращения: 27.03.2022).
36. ҚР Еңбек Кодексі 23.11.2015 ж. №414-V. [Электронный ресурс] — Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414> (дата обращения: 27.03.2022).
37. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жазалауды орындау жүйесін және қылмыстық-атқару жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2009 жылғы 10 желтоқсандағы № 228-IV Заңы. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000228_. (дата обращения: 27.03.2022).

38. Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР 2009 жылғы 24 қазандағы №858 Жарлығы.[Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U090000858>(дата обращения: 27.03.2022).
39. ҚР ІІМ ҚАЖК статистикалық мәліметтері.
40. Шнарбаев Б.К., Мизанбаев А.Е. «Пробация в Казахстане: исполнение наказания и осуществление пробационного контроля (теоретические и практические аспекты), 2015, С. 223.
41. Нұр-Сұлтан қаласы бойынша ҚАЖД Байқоңыр ауданы ПҚ жеке істері мұрағатынан ақпарат, 2021, 150 с.
42. Түркістан облысы бойынша ҚАЖД Сайрам ауданы ПҚ жеке істері мұрағатынан ақпарат, 2021, 211 с.